AIQYN

www.aikyn.kz
e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

СЕЙСЕНБІ №51 (4591)
13.05.2025

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

АЙҚЫН МАҚСАТ, ОРТАҚ МҮДДЕ

«Ақорда» резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Абу Дабидің Тақ мұрагері шейх Халед бен Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянды салтанатты қарсы алу рәсімі өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманға ілтипат білдіріп, оның бұл сапары Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін беретініне назар аударды.

Президенттің айтуынша, Әмірліктер – еліміздің ең басты серіктестерінің бірі. Қос мемлекеттің мақсат-мүдделері бір-бірімен сәйкес келеді. 2023 жылы екі ел үкіметтері Стратегиялық инвестициялық жобаларды жүзеге асыру туралы бірлескен декларацияға қол қойды.

Кездесуде Біріккен Араб Әмірліктерінің Қазақстан экономикасындағы ең ірі шетелдік инвесторлардың ондығына кіретіні жөнінде айтылды. Былтыр БАӘ-нің елімізге құйған инвестиция көлемі екі есеге артып, рекордтық көрсеткішке жетті.

Мемлекет басшысы аталған сапар аясында құны 5 миллиард долларды құрайтын 20-дан астам коммерциялық келісімге қол қойылатынын құптады. Оларды жүзеге асыру елдер арасындағы стратегиялық ынтымақтастықты айтарлықтай ілгерілетіп, өзара тиімді байланыстарды нығайтуға септігін тигізеді.

Абу Дабидің Тақ мұрагері көрсетілген қонақжайлық үшін ризашылығын білдірді. Сонымен қатар табиғаты көркем, халқы жайсаң елімізге ерекше қуанышпен келетінін жеткізді.

Халед бен Мұхаммед Әл Нахаян Қазақстан мен БАӘ арасындағы қарым-қатынас өзара сенім, қолдау және ортақ игілікке бірге ұмтылу қағидаттарына құрылғанын атап өтті. Бұл байланыстар сауда-инвестициялық ықпалдастық шеңберінен шығып, энергетика, көлік салаларынан бастап цифрлық инфрақұрылым мен білім беру ісіне дейін жалғасып жатқан кең ауқымды бағыттарды қамтитынына тоқталды. Тақ мұрагерінің айтуынша, бүгін қол қойылатын келісімдер екі елдің болашақта да бірлесіп жұмыс істеуге бейіл екенін дәлелдейді.

МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТТАРҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Абу Дабидің Тақ мұрагері шейх Халед бен Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянның келіссөздері аяқталғаннан кейін екіжақты құжаттар алмасу рәсімі өтті. Оның ішінде бірқатар маңызды құжат, атап айтсақ, Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі мен Біріккен Араб Әмірліктері Энергетика және инфрақұрылым министрлігі арасында автокөлік саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум; Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі мен Біріккен Араб Әмірліктері Әділет министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум; «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ мен Masdar компаниясы арасында Қазақстан Республикасында 2 мың МВт-қа дейін қуат сақтау жүйесі және 500 МВт-қа дейін тәуліктік энергиямен қамту жобаларын әзірлеу бойынша ынтымақтастық туралы келісім; «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ мен AIQ арасында Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласын цифрлық трансформациялау бойынша стратегиялық ынтымақтастық туралы келісім; «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ мен Abu Dhabi Commercial Bank арасында өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандум; Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Presight компаниясы арасында Қазақстан Республикасында суперкомпьютер кластерін құру жөніндегі келісім; «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мен Abu Dhabi Ports Group арасындағы сауда флотын кеңейту бойынша ынтымақтастықты дамытуға қатысты хаттама; «QazaqGaz» ҰК» АҚ мен AIQ арасында мұнай-газ саласын цифрландыру бағытындағы ықпалдастық мәселелері бойынша стратегиялық ынтымақтастық жөніндегі келісім; Түркістан облысы әкімдігі мен Абу Даби даму қоры арасында Түркістан қаласында шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян атындағы перзентхана құрылысын салу және қаржыландыруға қатысты өзара түсіністік туралы меморандум; Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі мен Terminals Astana Airport Limited арасында Астана қаласының Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы мен оған іргелес аумақты дамытуға инвестиция салу туралы келісім бар.

Бұдан бөлек, құжат алмасу рәсімінде Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктері Үкіметі арасында жел электр стансасы жобасын іске асыру туралы келісімнің ратификацияланғаны туралы хабарланды.

МЕКТЕП-ЛИЦЕЙДІ АРАЛАП КӨРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Абу Дабидің Тақ мұрагері шейх Халед бен Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян елордадағы шейх Халиф бен Заид Әл Нахаян атындағы №84 мектеп-лицейді аралап көрді.

Мәртебелі меймандарға қазіргі кезде оқу ошағында 2 800 бала білім алып, 159 педагог еңбек ететіні жөнінде ақпарат берілді. Биылғы оқу жылында «Цифрлы мектеп» жобасы дайындалып, жаратылыстану және математика пәндері 7 бағытта, атап айтқанда, IT STEM, FAB LAB, роботты техника, қолданбалы математика, биоинженерия, математикалық модельдеу, биохимия салаларына бөліп оқытылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен шейх Халед бен Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян араб тілі кабинетін көрді. Мектеп оқушылары араб тілі мен әдебиетін меңгеруде жеткен жетістіктерін танытты.

Сондай-ақ оқушылар Қазақстан Президенті мен Абу Дабидің Тақ мұрагеріне мектеп музейін таныстырды. Онда екі елдің ынтымақтастығы мен достығына арналған көрме ұйымдастырылған. Экспозицияға ежелгі дәуірден бүгінге дейінгі араб әлемі жөнінде сыр шертетін кітаптар, ұлттық киім үлгілері мен тарихи жәдігерлер қойылған.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ КӨП

Қасым-Жомарт Тоқаев пен шейх Халед бен Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян «Астана» халықаралық қаржы орталығына барып, оның жетістіктерімен танысты. Сондай-ақ АХҚО Соты, Қаржы қызметін реттеу комитеті, биржа және Халықаралық төрелік орталығының ерекшеліктері көрсетілді.

АХҚО басқарушысы Ренат Бектұров Қазақстан Президенті мен Абу Дабидің Тақ мұрагеріне инвестициялық ынтымақтастықты дамыту мүмкіндіктері жөнінде мәлімет берді.

Бүгінгі таңда Біріккен Араб Әмірліктерінің 46 компаниясы АХҚО резиденті ретінде тіркелген. Олар қаржы және сақтандыру, ақпараттық-коммуникациялық технология, сауда, көлік, өңдеу және тау-кен өнеркәсібі секілді түрлі салада қызмет етеді.

Бұдан бөлек, Қазақстан мен БАӘ капитал нарығы арасында байланыс нығайып келеді. Мәселен, биыл 7 мамырда Nasdaq Dubai және Astana International Exchange (AIX) биржалары орталық депозитарийлерінің арасында тікелей байланыс орнағанын жариялады. Былтыр AIX Абу Даби биржасы (ADX) құрған Tabadul цифрлық биржа хабына қосылды.

СЕРІКТЕСТІК АЯСЫ КЕҢЕЙЕ ТҮСЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Абу Дабидің Тақ мұрагері шейх Халед бен Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян «Қазақстан – БАӘ» бизнес-форумының жабылу салтанатына қатысты.

Президенттің айтуынша, келіссөздер барысында тараптар сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге ниетті екенін растады. Бүгін қол қойылған құжаттардың жалпы сомасы 5 миллиард долларға жуық. Бұл экономиканың негізгі секторларын қамтитын коммерциялық келісімдер серіктестік аясын кеңейтуге септігін тигізеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев аталған уағдаластықтардың толық жүзеге асырылуына екі елдің бизнес және корпоративтік сектор өкілдері елеулі үлес қосатынына сенім білдірді.

– Біріккен Араб Әмірліктері – еліміздің Шығанақ аймағындағы жетекші сауда және инвестициялық серіктесі. Бүгінге дейін экономикамызға 4,3 миллиард доллардан астам инвестиция құйды. БАӘ-нің 2031 жылға дейінгі даму стратегиясы біздің инновация, өнеркәсіпті дамыту және әртараптандыру бағытындағы ұлттық басымдықтарымызбен үндеседі. Сондықтан біз серіктестерімізге қолайлы жағдай жасауға ниеттіміз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Біріккен Араб Әмірліктерінің бизнес қауымдастығы өкілдеріне Қазақстанда ЭЫДҰ халықаралық стандарттары мен қағидаттарына сай жүргізіліп жатқан экономикалық реформалар жөнінде айтты. Осы орайда шетелдік инвесторларға, соның ішінде БАӘ компанияларына жүйелі әрі жедел көмек беру үшін құрылған Инвестиция тарту жөніндегі кеңес жұмысы туралы мәлімет берді.

– Энергетика, логистика, қаржы, интеллектуалды технологиялар, ауыл шаруашылығы және тағы да басқа түрлі салада ынтымақтастығымызды кеңейтуге мүмкіндік мол. Masdar, Presight, Abu Dhabi Ports, Terminal Holdings және Abu Dhabi Commercial Bank секілді серіктестерімізбен бірге жүзеге асырып жатқан маңызды жобалар өзара ықпалдастықтың қарқын ала түскеніне айқын дәлел. Осы және басқа да бастамалар екіжақты қарым-қатынастың дәйекті әрі тиімді дамып келе жатқанын көрсетеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бизнес форум аясында цифрлық технология дамуына, қаржы, урбанистика және «жасыл» экономика салаларындағы заманауи трендтерге арналған тақырыптық сессиялар ұйымдастырылды.

Сонымен қатар екі елдің бизнес өкілдері B2B форматында кездесулер өткізді. Форумға Әмірліктерден Абу Даби Экономикалық даму департаментінің, БАӘ сауда-өнеркәсіп палаталарының, сондай-ақ Masdar, AMEA Power, Abu Dhabi Ports Group және тағы да басқа ірі компаниялардың өкілдері қатысты.

«Қазақстан – БАӘ» бизнес-форумында бірнеше коммерциялық келісімге, атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен QazaqArab Sugar ЖШС арасында Қазақстанда қант зауытының құрылысы жобасы бойынша инвестициялар жөніндегі келісімге; Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Астана қаласы әкімдігі мен Presight компаниясы арасында мәліметтерді өңдеу орталығының құрылысы бойынша меморандумға; Астана қаласы Білім басқармасы мен Emirates Kazakhstan Education Investment Group арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға; «Астана» Халықаралық қаржы орталығы мен Abu Dhabi Global Market арасында мәліметтерді қорғау саласындағы ынтымақтастық жөніндегі меморандумға; «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС мен AIQ арасында білім алмасу және AIQ шешімдерін әзірлеуге арналған стратегиялық ынтымақтастық жөніндегі келісімге; «Атамекен» ҰКП Қазақстанның сыртқы сауда палатасы мен Khalifa Economic Zones Abu Dhabi арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға; Semurg Invest ЖШС мен Abu Dhabi Ports Group арасында «Құрық» көпмақсатты терминалының құрылысы және оны дамыту қағидаттары жөніндегі келісімге; «Ақтау теңіз порты» Арнайы экономикалық аймағы АҚ мен Khalifa Economic Zones Abu Dhabi арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға; «Alel Agro» АҚ мен LULU Group арасында агро азық-түлік өнімдерінің саудасын ілгерілету және сатып алу саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

Сапар соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Абу Дабидің Тақ мұрагері Халед бен Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянды елорда әуежайынан шығарып салды.

Мейір ЖАСЫН

ЖАСАМПАЗ БОЛСАҢ, ЖАҺАНҒА ЖАҒАСЫҢ

Креативті индустрия дегенде әдетте қолдан түрлі хэнд-мейд пен қолөнер өнімін жасап, сауда орталықтарында көрме жайып сататындар ойға келеді. Шынында, индустрия әлдеқайда ауқымды әрі салмақты.

→ 4

ЖАРҚЫН ЭМОЦИЯ СЫЙЛАҒАН ЖАРЫС

Елордада Qazaqstan Barysy Grand Slam 2025 дзюдо бәсекесі өтті. Жұрттың жарысқа шөліркегені көрініп-ақ тұрды. Доданың бірінші күнінен соңына дейін жанкүйер қолдауын аямады. Соған сай балуандар да барын салды.

→ 8

БАСПАСӨЗ-2025

AIQYN

AIQYN республикалық қоғамдық-саяси газетіне екінші жартыжылдыққа жазылу басталды

Жазылу түрлері	Индекс	Жазылу мерзімі	Редакция бағасы	«ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы	
				Қала	Ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15102 -AIQYN	6 ай	10 500	15 871,08	11 854,86
Жеке жазылушылар үшін	65102 – AIQYN	6 ай	6 250	7604,46	

KAZPOST

Анықтама телефондары:
«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96
Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21

ОТЫРЫСТЫҢ КҮН ТӘРТІБІН БЕКІТТІ

Кеше Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 15 мамыр күні өтетін Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.

Соған сәйкес, сенаторлар алдағы бейсенбіде «Аквашаруашылық туралы» заңды қарайды. Бұл құжат жұмыс істеп тұрған өндірістерді кеңейту және жаңаларын құру арқылы аквашаруашылықты тұрақты дамытуға арналған. Сондай-ақ бәсекеге қабілетті аквашаруашылық нысандарының көлемін ұлғайту, олардың адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін қауіпсіздігін арттыру көзделіп отыр.

Сонымен қатар аталған заңға ілеспе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аквашаруашылық, агроөнеркәсіптік кешен, электр энергетикасы және жекелеген орталық мемлекеттік органдардың функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң да Сенат отырысының күн тәртібіне шығарылды. Құжат нормаларына сәйкес Жер, Орман, Кәсіпкерлік және Экологиялық кодекстерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бірқатар заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Бұдан басқа, депутаттар комитеттердің осы аптадағы отырыстарында қозғалатын тақырыптарды пысықтады. Соның аясында сот әкімшілігінің қызметі, құқық қорғау және сот қызметіне жасанды интеллект технологияларын енгізу, өндірістік нысандарда өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және мемлекеттік-жекешелік серіктестікті дамыту мәселелері талқыланды.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Бірінші оқылымда Мәжіліс депутаттарының қарауына «Жасанды интеллект туралы» жаңа заң жобасы және оған ілеспе түзетулер ұсынылады.

Аталған заң жобаларын Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтай отырысында берген тапсырмаларын іске асыру үшін Мәжіліс депутаттары әзірлеген. Мақсаты – жасанды интеллект технологиялары мен жүйелерін қолдануға арналған бірыңғай құқықтық негіз қалыптастыру, оларды әртүрлі салада қауіпсіз, этикалық және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету. Ілеспе түзетулер жасанды интеллектіні пайдаланатын өнімдерге қатысты тұтынушылардың құқықтарын қорғауды, мұндай жүйелер арқылы өңделетін дербес деректердің қорғалуын, сондай-ақ жасанды интеллект көмегімен жасалған медиаөнімнің таратылу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді көздейді. Сонымен қатар жасанды интеллект жүйелерінің иелері немесе меншік иелері үшін әкімшілік жауапкершілік енгізіледі.

Депутаттардың қарауына екінші оқылымда азаматтық қорғау мәселелері бойынша заңнамалық түзетулер ұсынылады. Олар тиісті органдар қызметкерлерінің әлеуметтік мәртебесін арттыруға, адамдар көп жиналатын нысандарды пайдалануға беру кезінде өрт қауіпсіздігі бақылауын қайтаруға, сондай-ақ бірқатар басқа норманы іске асыруға бағытталған. Заң жобасын екінші оқылымға дайындау барысында депутаттар азаматтық қорғау органдарының мұқтаж қызметкерлерінің тұрғын үй мәселелерін шешуге қатысты түзетулер енгізді. Атап айтқанда, тұрғын үй төлемдерін алу құқығын беру және қызметтік пәтерлерді жекешелендіру мүмкіндігін қарастыру ұсынылды.

Сондай-ақ палата қарауына 2009 жылғы 9 маусымдағы Еуразиялық тұрақтандыру және даму қорын (бұдан әрі – қор) құру туралы шартқа өзгерістер енгізу жөніндегі Хаттаманы ратификациялау туралы заң жобасы енгізіліп отыр. Қор оған мүше мемлекеттердегі экономикалық және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, тұрақты дамуға жәрдемдесу мақсатымен құрылған. Хаттама қорды дербес халықаралық ұйым ретінде қайта құруды көздейді.

Сонымен қатар Мәжіліс Франция Республикасының Үкіметімен жасалған реадмиссиялау туралы келісімді ратификациялау туралы жаңа заң жобасын жұмысқа алатын болады.

СУ САЛАСЫН РЕФОРМАЛАУ МАҢЫЗДЫ

Мәжілісте вице-спикер Альберт Раудың төрағалығымен Үкімет сағаты өтті. Онда депутаттар мен мүдделі министрліктер өкілдері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауын іске асыру аясында су шаруашылығы саласын реформалау шараларын талқылады.

Отырысты ашқан Альберт Рау Мемлекет басшысы 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында су секторын реформалау бойынша бірқатар міндет қойғанын еске салды. Оның ішінде су ресурстарын ұтымды пайдалану, жаңа су қоймаларын салу және қолданыстағыларын реконструкциялау, трансшекаралық суды пайдалану бойынша тексерілген су саясатын жүзеге асыру, суды үнемдейтін озық технологияларды енгізу, еріген суды жинақтау, цифрландыру және саланың кадрлық құрамын нығайту бар.

– 2023 жылы Мәжіліс Жоғары аудиторлық палатаның су ресурстарын басқару тиімділігін талдау туралы есебін қарады. Оның нәтижесінде саладағы қордаланған мәселелер мен суды ұқыпсыз пайдалану мен дұрыс басқармау анықталды. Үкімет қабылдаған тиісті бағдарламалық құжаттар осы мәселелерді шешуге және Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындауға бағытталған, – деді Альберт Рау.

Мәжіліс Төрағасының орынбасары депутаттар бір жылдан астам уақыт бойы жұмыс істеп жатқан жаңа Су кодексі реформаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етуге арналғанын атап өтті. Ол қайта қаралып, 9 сәуірде Президент қол қойды.

Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов өз баяндамасында су шаруашылығы саласындағы стратегиялық жоспарлау құжаттарының қатарына бірнеше маңызды құжат енгізілгенін айтты. Атап айтқанда, «Су ресурстарын басқару жүйесін 2030 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы», «2028 жылға дейін су шаруашылығын дамытудың кешенді жоспары» және «2026 жылға дейінгі суды үнемдеу жөніндегі жол картасы» су шаруашылығы саласындағы басымдықтарды айқындайтын негізгі стратегиялық құжаттар бар.

– 6 мыңнан астам шақырым канал (1 485 канал) қайта жаңғыртылуда. Оның ішінде 2025 жылы екі жүз мың гектарға жуық жүктелген аумағымен мың шақырымға жуық (962 шақырым) каналды (275 канал) пайдалануға беру жоспарланған. Сыйымдылығы 245 миллион текше метрді құрайтын Ақтөбе су қоймасы, 120 мың гектар аспалы алаңы бар Қызылорда су торабы, Шымкент қаласындағы Тоғыс су қоймасы жаңғыртылып, пайдалануға берілді. Сонымен қатар 6 өңірде 8 су нысанының құрылысы аяқталды. Олар 200 мыңға жуық тұрғыны бар 49 елді мекенді сапалы ауызсумен қамтамасыз етіп отыр, – деді Н.Нұржігітов.

Сонымен қатар министрдің айтуынша, жыл соңына дейін аталған жобалар аясында 2025 жылдың соңына дейін шамамен 180 миллион текше метр көлемінде тасқын және еріген суды қосымша жинауға мүмкіндік беретін су қоймалары пайдалануға берілмек.

Мәжілістің Аграрлық мәселелер комитетінің төрағасы Серік Егізбаев өз баяндамасында Мемлекет басшысының саланы реформалау жөніндегі тапсырмаларын орындау бойынша министрлік елеулі жұмыстар атқарғанын атап өтті. Осыған қарамастан су ресурстарын басқарудағы кейбір олқылықтар мен кемшіліктер барынша ұтымды шешімдер қабылдауды қажет етеді.

– Бізде ауыл шаруашылығында су шығыны 60 пайызға дейін жетеді, ал көрші Ресейде бұл көрсеткіш екі есе төмен. Мұның негізгі себептері – ирригациялық инфрақұрылымның шектен тыс тозуы және суарудың технологиялық ескірген әдістерін қолдану. Бүгінде 14 мың шақырымнан астам суару каналдары, яғни барлық каналдың 30 пайыздан астамы реконструкциялауға жатады. 2024 жылы олардың 5,5 пайызы ғана жөнделді. Биыл 7 пайызға жуығын реконструкциялау жоспарланып отыр. Бұл – суару жүйелерін жаңартудың өте төмен көрсеткіші, – деді С.Егізбаев.

Саладағы ең күрделі мәселелердің бірі – суды заңсыз пайдалану. Кейбір аймақтарда судың 40 пайызы заңсыз пайдаланылады. Осыған байланысты депутаттар министрлікке суды заңсыз алуды болдырмау үшін басқа әдістермен қатар ғарыштық мониторингті қолдану бойынша кешенді шаралар қабылдауды ұсынды.

Комитет төрағасы суармалы жерлерде Цифрлық технологияларды енгізу еліміздің су шаруашылығы саласын реформалаудың негізгі бағыты екенін атап өтті. Бұдан бөлек, саланы гидролог, гидрогеолог және инженер-гидротехник сияқты сирек кездесетін сала мамандарымен қамтамасыз ету бірінші кезектегі міндет екеніне назар аударды.

Мәжіліс депутаттары аталған м селелер негізінде гидрогеологиялық мониторингтің мемлекеттік желісін қалпына келтіру, табиғи жолмен суарылатын жерлерді айналымға енгізу арқылы суармалы жерлердің алқаптарын ұлғайту қажеттігіне тоқталды.

Сондай-ақ жерасты суларын басқару жүйесінде мемлекеттік мониторингті күшейтудің маңыздылығы айтылды. Оларды шаруашылық мақсатта және ауыз-су ретінде пайдалану перспективаларын пысықтау ұсынылды.

Депутаттардың айтуынша, суды тұтыну мәдениетін түбегейлі өзгерту арқылы су тапшылығынан шығуға болады. Бүгінде қазақстандықтар дамыған елдерге қарағанда 10 есе көп су тұтынады. Ал Ресей, АҚШ, Аустралияға қарағанда бізде өнім өндіруге 3 есе көп су жұмсалады. Осыған байланысты су пайдаланушылар арасында суды үнемдеуге қатысты салықалы көзқарасты қалыптастыру бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

Талқылау барысында мәжілісмендер шағын өзендерді өнеркәсіптік және ауылшаруашылық нысандары әсерінен ластанудан қорғау, Балқаш көлін сақтау, Солтүстік Қазақстан облысындағы нақты су тасқыны жағдайы мен болжамдардың сәйкес келмеуі, халық санының өсуі мен инфрақұрылымның нашарлауын ескере отырып, елорданы тұрақты сумен қамтамасыз ету, өңірлердегі инфрақұрылым мен су ресурстарының тапшылығын қалпына келтіру сияқты өзекті мәселелерді де көтерді. Депутаттардан түскен сұрақтар мен ұсыныстар жинақталып, Үкіметке жолданатын болады.

Сонымен қатар Мәжілісте өткен жиын аясында Су ресурстары және ирригация министрлігінің ұйымдастыруымен тақырыптық көрме өтті. Онда қазір әзірленіп жатқан Ұлттық су ресурстары ақпараттық жүйесі, су және балық шаруашылығын басқару, суды үнемдеу, суару арналарындағы суды есепке алу және басқа да салалардағы инновациялық жобалар ұсынылды.

Мейір ЖАСЫН

ӨҢДЕУШІ САЛАЛАР ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

Премьер-Министр Олжас Бектенов химия және металлургия салаларында жоғары деңгейде өңделген өнім шығаратын кластер құруға бағытталған ірі өнеркәсіп жобаларын жүзеге асыру мәселелері бойынша кеңес өткізді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, экспортқа бағдарланған өндірісті қалыптастыру жұмыстары жүргізілуде.

Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев бүгінде жалпы инвестиция көлемі шамамен $10 млрд және 8,7 мыңнан астам тұрақты жұмыс орнын ашатын 5 ірі бастама жүзеге асырылып жатқанын баяндады. Оның бірі – Абай облысында қуаттылығы 300 мың тонна катодты мыс балқыту зауыты. Зауыт жұмыс істеп тұрған Бозшакөл, Ақтоғай және Шығыстүстімет кен орындарынан концентраттарды өңдеуге арналған. Екінші жоба – Қарағанды облысында Qarmet АҚ өндіріс көлемін арттыра отырып машина және автомобиль жасау кәсіпорындары үшін өнімнің жаңа түрлерін шығару арқылы ауқымды жаңғырту бағдарламасын іске асыруда. 2028 жылға дейін жыл сайын 9 млн тоннаға дейін көмір өндіруді, 5 млн тоннаға дейін темір кені концентраты мен болат өндіруді қамтамасыз ету жоспарлануда. Ал Қостанай облысында «ССКӨБ» АҚ базасында қуаты жылына 2 млн тонна ыстық брикеттелген темір өндіретін зауыт салу жоспарлануда. Кәсіпорын металлургияда экологиялық таза технологияларды енгізу үшін тірек нысанына айналады. Сондай-ақ Батыс Қазақстан облысында «Сатимола» кен орны базасында калий хлоридін шығару бойынша байыту-өндірістік кешен салу жобасы іске асырылып жатыр.

«Осы секторлардағы жаңа жобалар құны жоғары өнім шығаруға, заманауи технологияларды енгізуге және бәсекеге қабілетті кластерлерді қалыптастыруға бағытталған индустриялық өсудің берік тұғырына айналуы тиіс. Олардың айналасында шағын және орта бизнес кәсіпорындары, сервистік компаниялар, логистикалық орталықтар және заманауи инфрақұрылым белсенді түрде дамуы керек», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

М.ЖАСЫН

13 МАМЫР 2025 | СЕЙСЕНБІ

«ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ» БАСТАУ АЛДЫ



Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған халықаралық «Ұлы дала жорығы» марафоны басталды. Ол 14 мамырға дейін жалғасады. «AMANAT» партиясының қолдауымен Алматы облысы әкімдігі және Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы бірлесіп ұйымдастырған бес күндік ат жарысында Қазақстанның 13 өңірінен, сондай-ақ Ресей, ОАР, Мажарстан, Иран және Қырғызстаннан келген қатысушылар бас қосты.

Марафон бағыты Қазақстанның көрікті де тарихи маңызы бар аумақтары – Алматы облысының Балқаш, Жамбыл және Іле аудандары арқылы өтеді. Шабандоздар Алматы – Өскемен тас жолының бойындағы Бақанас көпірінен бастау алып, Қонаев қаласының «Қарлығаш» шағынауданында мәреге жетеді. Шетелдік қонақтар үшін этноауылдар, фотоаймақтар және интерактивті алаңдар ұйымдастырылған. Осылайша, «Ұлы дала жорығы» жай ғана жарыс емес, халықтар арасындағы мәдени алмасу мен достықтың алаңына айналып отыр.

«AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек марафонның өтуі – Қазақстанның өз тарихына адалдығы мен әлемге ашықтығын білдіретінін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық спортты дамыту және мәдени мұраны ілгерілету мәселесін жіті назарда ұстайды. «Ұлы дала жорығы» – әртүрлі мемлекеттің спортшылары бас қосқан Ұлы дала төсіндегі көшпелілер өркениетінің лайықты жалғасы. Бұл жоба әлемге еліміздің бай тарихи мұрасын, ұлттық рухын және қонақжайлығын дәріптейді. «AMANAT» партиясының саяси тұғырнамасында дәстүрлі құндылықтарды насихаттауға, соның ішінде ұлттық спорт түрлерін дамытуға ерекше көңіл бөлінген. Бүгінде партия ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрді және ғасырдан ғасырға жалғасқан тарлан тарихты жүйелі түрде ілгерілетуде. Соның ішінде осы «Ұлы дала жорығы» марафоны да бар», – деді ол.

Марафон – тек спорттық жарыс қана емес, ауқымды мәдени оқиға. Оның негізгі элементтерінің бірі – асылтұқымды жылқылар көрмесі болды. Бұл көрмеде қазақстандық ерекше жылқы тұқымдары таныстырылды. Іс-шара қонақтары ұлттық қолөнер жәрмеңкесіне де қатысты: еліміздің түкпір-түкпірінен келген шеберлер халықтық өнер туындыларын ұсынып, дәстүрлі мәдениеттің байлығымен бөлісті.

«Марафон бағыты – бұл жай ғана спорттық қашықтық емес. Бұл – еліміздің тарих беттері мен табиғи ескерткіштері арқылы өтетін жол. Қатысушылар әлемдегі ең ірі су айдындарының бірі – Балқаш көлінің, сондай-ақ ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген Қарамерген қалашығының маңынан өтеді. Іле ауданында ерекше маңызға ие Тамғалы тас петроглифтері – қазақ жерінің рухани мұрасын бейнелейтін бірегей жартастағы суреттер де марафон бағытын қамтитын болады», – деді JORYQ ат спорты федерациясының президенті Бақытжан Тұрлыбеков.

Ұйымдастырушылар марафон Қазақстанның халықаралық имиджін нығайтуға, өңірлік экономиканы дамытуға және Алматы облысын негізгі туристік орталықтардың бірі ретінде ілгерілетуге үлес қосатынына сенімді.

Командалар бес күн ішінде күніне 100 шақырымнан жүруге тиіс. Әр 50 шақырым сайын қатысушылар мен жылқыларға демалыс ұйымдастырылады. Олардың жағдайын тәжірибелі ветеринарлар қадағалап отырады. Әр команданың жүру уақыты әртүрлі: алғашқы команда таңғы сағат 07:00-де жолға шығады, ал қалғандары әр 2 минут сайын жолға аттанады. Соңғы команда 07:36-да жолға шығуға тиіс. Жеребе тарту кезінде командалардың нөмірі анықталды. Командалар бір-бірімен жарыспайды, себебі олардың әрқайсысының жүру уақыты әртүрлі. Барлық қашықтықты ең аз уақытта бағындырған команда жеңімпаз атанады.

ТҰРҒЫНДАРДЫ ТОЛҒАНДЫРҒАН МӘСЕЛЕ

«AMANAT» партиясы Ақтөбе облыстық филиалында «Құқықтық көмек» партиялық жобасы аясында қоғамдық қабылдау ұйымдастырылды. Оның барысында заңгерлер, адвокаттар, нотариустар және медиаторлар өңір тұрғындарына заңгерлік көмек көрсетті.

Жыл басынан бері аталған жоба аясында осы өңірге қарасты Әйтеке би, Алға, Хромтау және Қарғалы аудандарында қоғамдық қабылдау өткізіліп, онда 117 азаматтың өтініші тыңдалды. Оның ішінде 71 адамның мәселесі оң шешіліп, 46 өтініш бойынша заң аясында түсіндіру жұмысы жүргізілді. Тұрғындар негізінен құжат жинау, алимент өндіру, еңбек заңнамасының бұзылуы және алаяқтық мәселелері бойынша жүгінуде.

Мәселен, ақтөбелік Нағима Мұхамбаева 4 адамнан 36 млн теңге қаражатын қайтара алмай жүргенін айтты. Кәсіпкер тұрғын үй салумен айналысады. Құрылыс жұмысына тартқан кейбір азаматтар бастаған ісін аяқтамай кетіпті. Нағима Мұхамбаева оларды заң жүзінде жазалауға мүдделі.

«2004 жылы Қарақалпақстаннан көшіп келіп, өз кәсібімді бастадым. Былтырдан бері үйі суға кеткен тұрғындарға баспана тұрғызып, құрылыс жұмысымен айналысып келеміз. Алайда осы жұмысты жүргізуге келіскен кейбір азаматтарға қаражатты алдын ала беріп, сан соғып қалдық. Партияның қоғамдық қабылдауына заңгерлерден кеңес алу үшін келдім», – деді ол.

Айта кетейік, былтыр «Құқықтық көмек» партиялық жобасы аясында 95 қабылдау өткізіліп, 305 азаматтың өтініші тыңдалды.

МЕДИЦИНАЛЫҚ БЕКЕТ ПЕН МӘДЕНИЕТ ҮЙІ АШЫҚ

Екі айдан кейін Павлодар облысы Тереңкөл ауданына қарасты Ивановка ауылында Мәдениет үйі мен Медициналық бекет пайдалануға беріледі. Бұл нысандар «AMANAT» партиясының аймақтық сайлауалды бағдарламасы аясында салынып жатыр. Партияның Павлодар облыстық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының мүшелері құрылыс барысымен танысты.

Бүгінде Медициналық бекеттің құрылыс жұмыстарының жалпы көлемінің шамамен 60 пайызы аяқталған. Мәдениет үйінің де құрылыс жұмысы қызып тұр: шатыр жөнделіп, инженерлік желілер жаңартылуда, әрлеу және қасбеттік жұмыстар жүріп жатыр.

«Біз ауылға тек есеп үшін келмейміз. Медициналық бекет пен мәдениет үйі – ауылдың әлеуметтік өмірінің негізі. Әрбір осындай жоба сапалы әрі уақытында аяқталуға тиіс», – деді «AMANAT» партиясы Павлодар облыстық филиалы атқарушы хатшысының міндетін атқарушы Айнұр Мұхамедиярова.

«Мұндай сапарлар – партиялық бақылаудың нақты құралы. Әр нысанның артында тұрғындардың үміті тұр. Біз тек есеп берумен шектелмей, нақты нәтиже көрсетуге міндеттіміз», – деп қосты партия фракциясының облыстық мәслихаттағы жетекшісі Қанат Сатабаев.

Құрылыс пен жөндеу жұмыстарының барлық кезеңі партиялық комиссияның тұрақты бақылауында болады және нысандар толық пайдалануға берілгенге дейін жалғасады.

ТЕКСЕРІС ЖҮРГІЗІЛДІ

«AMANAT» партиясы Шымкент қаласы әл-Фараби аудандық филиалы жанындағы Партиялық бақылау комиссиясы кезекті зерделеу жұмыстарын жүргізді. Аталған іс-шараға Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Бердіқұл Садықов, «AMANAT» партиясының әл-Фараби аудандық филиалының атқарушы хатшысы Ердәулет Жүнісбек және комиссия мүшелері қатысты.

Зерделеу жұмыстары партияның 2023-2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасында белгіленген басым бағыттардың орындалу барысын бақылау мақсатында ұйымдастырылды. Осыған орай, делегация әл-Фараби ауданына қарасты Өзбекәлі Жәнібеков атындағы №19 жалпы орта білім беретін мектеп құрылыс алаңына барып, ондағы жұмыстардың жүргізілу барысымен танысты.

Бақылау барысында мектеп ғимаратының құрылыс сапасы, жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкестігі, мердігер мекеменің келісімшарт бойынша алған міндеттемелерді орындау деңгейі және құрылыс жұмыстарының белгіленген мерзімге сай жүзеге асырылуы мәселелері жан-жақты талқыланды. Сонымен қатар пайдаланылып жатқан құрылыс материалдарының сапасы мен еңбек қауіпсіздігі талаптарының сақталуы да назардан тыс қалған жоқ.

«AMANAT» партиясы сайлауалды уәделерінің орындалуына баса назар аударады және ел игілігіне бағытталған барлық жобалардың сапалы әрі уақытылы іске асуын басты назарда ұстайды. Білім беру саласын дамыту мен заманауи инфрақұрылыммен қамтамасыз ету – партияның басты басымдықтарының бірі. Сондықтан да аталған нысандарға партиялық бақылау тұрақты түрде жүргізіліп тұрады.

Осындай іс-шаралар арқылы «AMANAT» партиясы қоғам алдындағы жауапкершілігін айқын көрсетіп, халықпен тұрақты кері байланыс орнатуға және әлеуметтік мәселелердің шешілуіне нақты үлес қосады.

Дайындаған: Елнар ЕЛТАЙ

ӨЗЕКТІ

13 МАМЫР 2025 | СЕЙСЕНБІ

ЖАСАМПАЗ БОЛСАҢ, ЖАһАНҒА ЖАҒАСЫҢ

Креативті индустрия дегенде әдетте қолдан түрлі хэнд-мейд пен қолөнер өнімін жасап, сауда орталықтарында көрме жайып сататындар ойға келеді. Шынында индустрия әлдеқайда ауқымды әрі салмақты. Бүкіл Голливуд пен Болливуд, «Айфонның» жаңа серияларының шығарылуы, жалпы бүкіл интеллектуалдық жаңашылдықтар мен гаджеттер осы салаға жатады. Ел Президентінің өзі баса мән беріп отырған индустрия Қазақстанда қалай дамып жатыр? Биыл нендей өзгерістер болмақ?

Айхан ШӘРІП

КИНО МЕН МУЗЫКА КЕРІ ТАРТЫП ТҰР

Елде 10 мыңға жуық жеке кәсіпкер компьютерлік ойындар мен бағдарламалық қамтылым, софт жасайды. Мәдениет және ақпарат министрлігінің дерегінше, 2024 жылы креативті индустрия (КИ) салаларында 143,6 мыңнан астам адам еңбек етті (жыл сайын бұл санды 5% арттырып, 2029 жылы 174 546 адамға жеткізу жоспарланған).

Осы санатқа қатысты елде 45,5 мың кәсіпкерлік субъектісі тіркелген (Үкіметтің саладағы кәсіпкерлік субъектілерінің санын да жыл сайын 5%-ға көбейтіп, 2029 жылы 55 305-ке жеткізу жоспары бар). Олардың жартысынан астамы Алматы мен Астанада шоғырланған. 70%-ы – дара кәсіпкер, яғни шағын бизнес.

«Барлық компаниялар мен жеке кәсіпкерлердің үштен бірі – 12,7 мыңы ұлттық қолөнер түрлерімен айналысады. Қазақстандық КИ-дегі екінші ең кең таралған қызмет түрі – IT мен компьютерлік ойындар: 9,8 мың жеке кәсіпкер мен заңды тұлға соған тартылған. Үшінші орында сәулет-архитектура мен сән орналасты: 7,6 мың компания мен жеке кәсіпкер шұғылданады. Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің ең аз саны мәдени мұра сегментіне (39), кітапхана мен музейлер (33) секторына тиесілі», – делінген Ұлттық статистика бюросының арнайы зерттеуінде.

Кино мен анимация қанша дәріптелгенімен, көшбасшылық шыңға көтерілмеді, барлық көрсеткіште кері тартып, көш соңында салпақтап келеді. Экспорты төмен, кәсіпкерлікті дамытудағы үлесі де мардымсыз: салада небәрі 2 095 компания мен дара кәсіпкер еңбек етеді.

Музыканың да адымы ашылар емес: диджей, продюсер Imanbek, әнші Димаш, рэпер Jah Khalib сияқты бірлі-жарым өренін әлемдік сахнаға ілгерілете алғанымен, отандық КИ-дің бұл саласы кітапхананың жанында, рейтинг соңындағы жұпыны бұрышта жайғасты. Бұл салада небәрі 64 заңды тұлға, 387 дара кәсіпкер тіркелген. Салықшылардан сұрасаңыз, олар бұл саланың қалпымен көлеңкеде екеніне назаланады.

Креативті индустрияны дамытуға Үкімет Мемлекет басшысының 2021 жылғы Жолдауындағы тапсырмасымен кейінгі жылдары ғана баса мән бере бастады. Үкіметтің 2021 жылғы 30 қарашадағы №860 қаулысымен бекітілген «Креативті индустрияларды дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасы» жүзеге асырылып жатыр.

КРЕАТИВ ВАЛЮТАЛЫҚ ТАБЫС ӘКЕЛЕДІ

Ұлттық статорганның мәліметінше, 2024 жылғы қаңтар-желтоқсан аралығында отандық КИ шетелдік нарықтарға экспортынан 84,1 млн доллар (шамамен 42 миллиард теңге) табыс тапты. 2023 жылмен (94,8 млн доллар) салыстырғанда экспорты 11,3%-ға құлдырады. Әйткенмен, зерттеуде айтылғандай, үш жылдық динамикада оң тренд байқалады: 2,3 есе өсім бар. Өйткені 2021 жылғы табысы – 37,3 млн, ал 2022 жылы – 56,4 миллион доллар болған. Мәдениет министрлігі креативті өнімдер мен қызметтердің экспортын жыл сайын 5%-ға ұлғайтып, 2029 жылы – 116 млн долларға жеткізбек.

Қазақстандық креативті индустрия тауарларының экспорттық құрылымы әр алуан, тіпті естіген жанды шамалы айранасыр етеді. Еліміз бұл салада өзге елдерге кітаптарды, халық қолөнері мен зергерлік өнерінің өнімдерін, музыкалық аспаптарды, сондай-ақ ішіне видео жазылған немесе жазылмаған жартылай өткізгішті жеткізгіштерді, яғни түрлі компакт-дискілерді, құлпытастарға арналған тастарды, жүк тасымалдауға арналған ағаш жәшіктерін экспорттайды. Ресейлік басылымдар онымен «200 жүгі» де тасылатынын, сондықтан сұраныс жоғары екенін хабарлады.

Өз зерттеуінде ұлттық статбюро сала көшбасшысының – IT өнімдердің экспортын қоспады. Онсыз КИ тауарлары экспортының құны бойынша ең үлкен үлеске – 41,4%-ына үш доңғалақты велосипедтер, самокаттар, педальді автомобилдер, доңғалақты ойыншықтар мен қуыршақтар ие. Бұл өнімдер солтүстік көршінің нарығында үлкен сұраныс тапты. Табысы 2021 жылдан бері 31,4 есе артты.

– Өткен жылы Қазақстан бір ғана Ресейге осындай тауарлардың 1,5 мың тоннасын жүктеп, одан 34,9 млн доллар табысқа кенелді. Алайда екі ел арасындағы тауарайналым туралы кедендік статистикадан тауардың нақты қай елде жасалғанын анықтау мүмкін болмады. Бұл өнімдер Қазақстанда емес, Қытайда жасалып, ары қарай РФ-қа экспортталуы ықтимал. Себебі Қазақстанның өзі осы тауарларды одан ондаған есе көп тасиды: 2024 жылы 34,6 мың тоннасын импорттады. Сонымен бірге елімізде «Балдырған» үш доңғалақты велосипедін жасайтын кәсіпорындар бар, – деді Finprom.kz сарапшылары.

Экспорттық құны жөнінен екінші орынға зергерлік индустрия шықты. Былтыр 12,8 млн доллардың өнімін шетелге өткізе алды, бұл үш жыл бұрынғыдан бірден 2 есе кем. Неге бұлай құлдырады? 2021 жылы Швейцария Қазақстаннан 22,6 млн доллардың зергерлік бұйымдарын сатып алу туралы мәміле жасасыпты. Егер жыл сайын тұрақты сатып алып тұрғанда, көрсеткіш бұлай құламас еді. Өкінішке қарай, бұл бір ретпен шектелген.

КИ тауарлары экспортында үшінші тұғырға ағаш шеберлері қолынан шыққан әртүрлі бұйым орналасты. 10,9 миллион доллар тұратын өнімі халықаралық нарыққа жеткізілді. Нәтижесінде, экспорттық валюталық табысын 2021 жылға қарағанда 11,8 еседей арттыра алды. Ондыққа сондай-ақ сағаттар (5,6 млн доллар немесе экспорттық құнының үшжылдық өсімі – 625,9 есе), жәшіктер, қораптар, торлар, себеттер, құтылар (бұл қатарға жоғарыда айтылған ағаш жәшіктер де жататын көрінеді, экспорты – 4 млн, өсімі – 8,7 есе), кілемдер (3,7 млн, 3,7 есе), тоқылмаған материалдар (2,1 млн, 13,1%), құлпытастарға арналған тастар (2,1 млн, 2,1 есе), дайын тоқымамата өнімдері, басқасы кірді.

ОЗЫҚТАРҒА ҰМТЫЛҒАН ОЗАДЫ

БҰҰ сауда және даму конференциясының (UNCTAD) 2024 жылғы креативті индустрияның дамуына қатысты есебінде айтылғандай, Қазақстан бұл салада өзгелерден қатты қалып келеді. Көш басында Жапония тұр. БҰҰ креативті индустрияны ең қарқынды өсуші саланың бірі деп бағалады. Әлемдік ауқымда оның үлесі жаһандық ЖІӨ-нің 3,1%-ына тең. 2030 жылға қарай әлемдік экономикадағы еншісі 10%-ға жетеді.

Есепте біраз елдің осы биік межеге жақын қалғаны атап өтіледі. Жапонияда ЖІӨ-дегі үлесі 7%-дан асқан. «Күншығыс елі» мұндай жоғары деңгейге IT және компьютерлік сервистерді белсенді өрістету арқасында қол жеткізді. Кино, K-pop пен эстрада, сән және басқа трендтерімен төртқұл дүниеге танылған Оңтүстік Кореяда бұл көрсеткіш 5,6%-ды, алпауыт Америкада – 5,3%-ды, көрші Қытайда 5,1%-ды құрады.

Дүниежүзінде КИ саласының тауарлары мен қызметтерінің экспорты 2,1 триллион долларға жетті. Яғни, шалқыған тұтас теңіз – өнерлі болсаң, тасқындаған қаржыдан көсіп ала бер. Табысы жөнінен бірінші орында, әрине IT өнімдер тұр. Әртүрлі қосымшалар мен компьютерлік бағдарламалар, жасанды интеллект секторда 41% үлес иеленді. Бес жылда кірісі 2 есе артып, 569 млрд долларға жетті. Одан кейін қолөнер және дизайнерлік өнімдер орналасты: экспорты 539 млрд долларды құраған. Бұған сондай-ақ зергерлік, тері-былғары, тоқыма-мата өнеркәсібі және өзге тауарлар қосылады.

UNCTAD дерегінше, Қазақстан әзірге аутсайдер санатында: 2024 жылы КИ-дің экономикаға үлесі бар-жоғы 1% болды. Мәдениет министрлігі 2029 жылға қарай бұл көрсеткішті 2%-ға ғана жеткізуді жоспарлап отыр. Осы мақсатта жыл басында секторды қолдауға бағытталған жеке заң қабылданды. Салықтық ынталандыру шаралары енгізілді.

Цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиевтің айтуынша, IT саланы дамытуда белсенді жұмыс қолға алынды. «IT компаниялардың саны 18 мыңнан асты, соңғы үш жылда 16%-ға өсті. Осы кезеңде IT мамандардың орташа айлық жалақысы 54%-ға көбейіп, 673 мың теңгеге жетті. Яғни, мұнда білікті кадрларға деген сұраныс жоғары. IT саласындағы жұмыспен қамтылғандар саны да 12%-ға өсіп, 187 мың адамға жетті», – деді Ж.Мәдиев.

Astana Hub халықаралық технопаркі 1,5 мыңнан астам қатысушыны біріктіреді. Арасында 1 102 жергілікті және 437 шетелдік компания бар. Қатысушылардың жалпы табысы 1,2 трлн теңгені құрап, соңғы бес жылда 31 есе өсті. Министрдің айтуынша, стартаптар мен IT индустриясын дамытудың барлық бағдарламасы аймақтық IT-хабтарда қолжетімді. Өңірлік хабтар индустрияны дамытудың маңызды драйверіне айналды. Бұл ауыл-аймақтағы тума таланттарды ашуға және инновациялық экожүйені құруға ықпал етеді.

– Ұлттық инновациялық жүйенің «бірыңғай терезесі» құрылды. IT мамандарға, инноваторларға және ғылыми қайраткерлерге арналған мемлекеттік қолдау шарасының көбі соған шығарылды. Мобильді қосымшасы да бар. Портал мемлекеттік қолдау шараларын бөлудің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етеді. Оны жыл сайын жарты миллиондай адам пайдаланады. Портал eGOV-қа ұқсас бірыңғай терезеге айналады, – деді министр Мәдиев.

> **Барлық компаниялар мен жеке кәсіпкерлердің үштен бірі – 12,7 мыңы ұлттық қолөнер түрлерімен айналысады. Қазақстандық КИ-дегі екінші ең кең таралған қызметі түрі – IT мен компьютерлік ойындар: 9,8 мың жеке кәсіпкер мен заңды тұлға соған тартылған. Үшінші орында сәулет-архитектура мен сән орналасты: 7,6 мың компания мен жеке кәсіпкер шұғылданады.**

ЭКСПОРТ МИЛЛИАРД МЕЖЕСІНЕ ЖЕТЕДІ

Президенттің тапсырмасымен Tech Orda бағдарламасы іске қосылды. Ол жекеменшік IT мектептерді ынталандыру арқылы 2023-2025 жылдары 20 мың IT маман даярлауға бағытталған-тын. Соңғы үш жылда 82 мыңдай IT маман дайындалыпты. Жекеменшік IT мектептер 16 мыңнан астам маман шығарды. Оның арқасында жастар өз бойында бұйығы жатқан дарындарын ашып, бұрын таңдаған мамандығын ауыстырған. Мысалы, заңгерлікке оқыған Ләззат Хаджимуратова бағдарламаға қатысқаннан кейін электрондық коммерция саласында әзірлеуші болып қызметке тұрды. Дәрігер Алдияр Құлтуманов те кәсіби бағытын өзгертуге ұйғарды: ол әзірлеуші-junior frontend мансабын бастады.

Қазақстанның IT өнімдерінің экспорт көлемі 2023 жылы 529 млн долларға жетті. 2024 жылы одан асты. Мемлекет басшысы 2026 жылға қарай 1 миллиард доллар межесіне жету міндетін қойды. Бүгінде отандық IT қызметтері 86 елге экспортталады. Бұл цифрлық шешімдерге жоғары сұранысты барын және бәсекеге қабілеттілігін паш етсе керек. Мәселен, қазақстандық eGov электронды үкіметін Тәжікстан, Того, Сьерра-Леоне сияқты бірнеше ел өзінде ендірді. Қазақстандық IT-шілер негізінен мобильді қосымша мен сервистер жасайды. Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева креативті индустрияның өркенін өсіру үшін арнайы жобалық кеңсе жұмыс істейтінін жеткізді.

– Бүгінде Қазақстандағы КИ экономикалық қызметтің 43 жіктеуішін қамтитын 12 бағыттан тұрады. Онымен айналысатын бизнес субъектілерінің саны 45,5 мыңнан асады. Жыл басында Президент креативті индустрияны қолдауға бағытталған заңға қол қойды. Заңнамалық түзетулер институционалдық негіздерді қалыптастыру, инфрақұрылымды дамыту және басым салаларды қолдау шаралары секілді үш негізгі бағытқа шоғырланған. Мұның сыртында түзетулердің екінші пакеті әзірленіп, Мәжілісте қаралу үстінде, – деді А.Балаева.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы наурызда қол қойған Бюджет кодексіне өзгерістер аясында «Сәтті Жұлдыз» сатқан лотерея билеттері табысының 3%-ы КИ-ді дамытуға, Креативті индустрияларды дамыту қорына бағытталады. Саланы қуатты демеуге қаражат пайда болады.

Биыл әкімдерге де креативті индустрияны дамыту бойынша құзыр берілді. 2024 жылы Global Innovation Index (Жаһандық инновация индексі) рейтингінде Қазақстан «Креативті тауарлар мен қызметтер» көрсеткішінде 93-орыннан 65-орынға көтерілген екен. Десек те, табысы көл-көсір бұл индустрияны өркендету үшін жасалуға тиіс жұмыс жетерлік. Ол үшін керекті қаражат та, құзырет те, мүмкіндік те беріліп отыр.

КИБЕРҚЫЛМЫС КҮЙРЕТІП БАРАДЫ

Заманауи технологиялардың қарыштап дамыған заманында елімізде кең етек алған қылмыстың түрі – интернет алаяқтық. Бүгінгі қоғамда бұл қылмыс түрінен зардап шеккен азаматтардың саны күн санап артпаса, кеміген емес. Әсіресе, киберқылмыскерлер түрлі желілер арқылы айласын асырып, азаматтарды сан соқтырып келеді.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Біздің елімізде де бұл мәселе өзектілігін жояр емес. Соның салдарынан жыл сайын мыңдаған азаматтар киберқылмыстың құрбанына айналып, сан соғып қалып жатады екен. Ең қиыны сол, алаяқтардың айла-тәсілі күн санап түрленіп, күрделеніп бара жатқаны байқалады. Өзге өңірлермен қатар, оның салқынын сырбойылық жамағат та сезініп жүр.

Өркениетті қоғамда ғаламтор тұтынушыларды қырғидай қырып бара жатқан киберқылмыскерлерді құрықтау оңай шаруа болмай тұр. Құқық қорғаушылар күрес жұмыстарын күшейткенімен, көп жағдайда ізін жасыруға тырысады. Қылмыс жасаған тұлғаның жеке басын анықтау да оңайға соқпайды.

Осы орайда цифрларды сөйлетсек тіпті сұмдық. Жалпы, жыл басынан бері осы қылмыс түріне қатысты 298 дерек тіркеліпті. Бұл өңірде жалпы тіркелген қылмыстық құқықбұзушылықтың 37,3 пайызын құрайды екен. Оның ішінде сотқа дейінгі тергептексеру нәтижесімен 212 қылмыстық іс өндірістен аяқталып, түпкілікті шешім қабылданып, Қазақстан Республикасы ҚК-нің 190-бабымен қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Соның ішінде Қызылорда облысында 118 интернет-алаяқтық дерегі бойынша қылмыстық іс тіркеліп, сотқа дейінгі тергеп-тексеру нәтижесімен 41 қылмыстық іс өндірістен аяқталып, түпкілікті шешім қабылданған.

«Интернет алаяқтықтың басқа қылмыстарға қарағанда басты ерекшелігі – жалпақ жұрттың бәріне қатысты жасалуында болып отыр. Ол дегеніміз – қолында компьютер, смартфон, планшеті бар адам кез келген уақытта интернет алаяқтардың құрбанына айналуы мүмкін. Қылмыскерлер уақыт талабынан қалмай, азаматтардың ақшалай қаражатын жымқырудың түрлі жаңа әдіс-тәсілдерін қолдануда. Әсіресе, олар әлеуметтік желілердің мүмкіндігін ұтымды пайдаланып отыр», – дейді бізге Қызылорда облысы Полиция департаментінің Киберпол басқармасының бастығы полиция майоры Бағдат Тлеуімбетов.

Мәліметке сәйкес, бүгінде алаяқтық қылмыстың бірнеше түрі кең етек алып барады. Атап айтқанда, жұмысқа орналастыру, жер немесе пәтер алу, несие рәсімдеу, жүргізуші куәлігін алуға көмектесу, диплом алу немесе жоғары оқу орнына түсіру, медициналық комиссиядан өткізу, мүгедектікке шығару, жиһаз жасау, емдеу мекемелеріне тегін жолдама беру сынды толып жатқан тәсілдері бар.

«Қазіргі уақытта өңірімізде интернет алаяқтықтың бірнеше түрі белең алып тұр. Атап айтсақ, кез келген адамға өзін ұялы байланыс операторы ретінде таныстырып, SIM картаңыздың жарамдылық мерзімінің өткенін ескертіп, мерзімін ұзарту үшін ұялы телефонға жіберілген кодты сұрап жатады. Олар осы арқылы жеке деректерге қол жеткізеді. Сондай-ақ өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып, атыңыздан несие алып жатқанына немесе онлайн-банкті бұзып жатқанына сендіруге әрекет ететіндер де кездеседі. Соңында белгілі бір соманы арнайы шотқа салуды талап етеді. Бұдан өзге түрлі әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы акцияға инвестиция салудан жылдам түсетін кірісті жарнамалау, Whatsapp әлеуметтік желісі арқылы жақын таныстарыңыздың фотосуреттерін пайдалану арқылы қарызға ақша сұрау, пайыздық мөлшермен үстемақыны көбейту секілді sms хабарламаларға алданып, көрсетілген есепшоттарға ақша аудару фактілері жиі бой көрсетіп жатады. Instagram, OLX, Колесо.кз, Крыша.кз желілері арқылы тұрмыстық заттарды, көліктерді сату-жеткізу парақшаларын ашып, жалған жарнамалар орналастырып, ақша аудартып алу деректері де жиілеп тұр. Облысымызда интернет-алаяқтық қылмыстарымен айналысу мақсатында «Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы» құрылып, арнайы ақпараттық техникалармен жабдықталып, жұмыстарды атқаруда. Бұл түрғыда ішкі істер органдарына бақылау жасау құзыреті берілмеген. Дегенмен қылмыстық құқықбұзушылық деректері бойынша арыз-шағым болған жағдайда қылмыстық іс тіркеліп, заң жүзінде тиісті шешім қабылданады. Осы орайда әрбір адам өзіне қоңырау шалған немесе мессенджерлермен байланысқан белгісіз тұлғаның шарттарын орындамас бұрын, сақтық шараларын ұстанғаны жөн болар еді», – деп түсіндірді басқарма басшысы.

Осы орайда айта кеткен абзал, Қазақстанның байланыс операторлары алаяқтық мақсатпен шетелден қоңырау шалатын нөмерлерді бұғаттау арқылы қылмыстың алдын алу бағытында тиісті жұмыстар жүргізе бастаған. Нәтижесінде, осы уақытқа дейін 50 млн астам қоңырау бұғатталған. Ал интернет алаяқтықтың құрбанына айналғандардың басым көбі өздерін банк қызметкеріміз деп таныстырғандарға алданып жатады екен. Мамандар бұл тұрғыда интернет алаяқтардың мұндай тәсілін жүзеге асыруда арнайы желі жұмыс жасайтынын да анықтап отыр.

Осындай келеңсіздіктерді болдырмау мақсатында тәртіп сақшылары тиісті шаралар жүргізіп отырғанын мәлімдеді. Ең бастысы, әрбір азамат жеке басына қатысты деректерді белгісіз тұлғаға жария етпеуі тиіс екенін екенін айтып отыр. Әйтпесе, киберқылмыскерлердің құйтырқы әрекеттеріне түбегейлі тұсау салу әзірге оңай болмай тұрған сияқты.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

13 МАМЫР 2025 | СЕЙСЕНБІ

Ақындардың әлемі қызық: оның ішінде өзің білетін адамдардың жан дүниесіне үңілу тіптен қызық. Маған ақын, аудармашы Оңайгүл Тұржан солай көрінеді. Ақын жуырда 70-ке толды. Жетпіс жылдық ғұмырында ақын ерекше құрмет тұтып, қадірлеген жанның бірі – Фариза Оңғарсынова. Өлеңі де бөлек, болмысы да бөлек ақынмен сырласу да ғажап қой.

Поэзия этикасы НЕМЕСЕ

«ШОМЫЛЫП ЖАТҚАН ҚЫЗ ҒОЙ, ҰЯТ БОЛАДЫ» ПОЗИЦИЯСЫ

– Өлең мен өмір: ақынды адамзаттан алшақтап тұратын қасиет неде?

– Тым алшақтық бола қоймас. Дегенмен бір қарыс болса да алшақтау бар сияқты.

– Бір қарыс деген аз ба, көп пе?

– Аз-көптігінде емес, алаң көңілде жүретіндігінде. Өлең өзіне, яғни елсіздікке тартады. Елсіздік болғанда, көңіл күйдегі елсіздікті айтам. Ал өзіңді қоғамдық ортаның алас-құпас тартылыс күші билеп бара жатады. Сөйтіп, екі жаққа елеңдеген елең ғұмыр – бұл.

– Сонда шығармашылық адамына оңашалық тән бе?

– Иә! Бірақ Шәкәрім сияқты шулы ортаны тастап, жапан далаға кету үшін шәкәрімдік қасиет керек. Ондай қасиет тек Шәкәрім әулиеде ғана болған. Ол кісіден басқа жапан далаға жан дүниесін жалғай алған кім бар?

– Сіз солай кете алар ма едіңіз?

– Жо-о-оқ! Шулы орта біздің туған үйіміз сияқты. Айқай-шу өмірдің әлдиіндей бізге. Тып-тыныштық үрей шақыратын сияқты.

– Неге үрей?

– Өйткені біз – жалғыздықтан жаман қорқатын дәуірдің адамдарымыз.

– Сіз бір сөзіңізде кішкентай бала кезіңізде жапан даладағы Уәлі деген жерде екі-ақ үй болып тұрғандықтарыңызды айтқан едіңіз?

– Иә, ол жерде мен 6 жасқа келгенше тұрдық. Нағыз елсіздік.

– Елсіздіктің бала санасына әсері қандай болды екен?

– Ойнайтын бала жоқ еді.

– Көрші үйдің баласы болмады ма?

– Болды. Олар үлкен балалар еді. Аз уақытқа келеді де, орталыққа кетіп қалады оқуларына.

– Қандай ойыншықтарыңыз болды?

– Ойыншық болған жоқ бізде. Түйенің бақалшағын қуыршақ етіп киіндіріп қоятынбыз.

– Қуыршағыңыз болған жоқ па?

– Бір күні орталыққа дүкенге бардық анам екеуміз. Бір қуыршақ тұр екен. Үстінде көйлегі де, тіпті ештеңесі жоқ. Ол кездегі қуыршақтар сондай ғой. Әлгіге қызығып, анама: «алып берші», – деп едім, ол: «қой, мынау шомылып жатқан қыз ғой, үстінде киімі жоқ, ұят болады», – деді. Есіме түссе, әлі күнге дейін күлкім келеді. Кейін мамама айттым: «сөйтіп айтып едің ғой, ала салсаң қайтетін еді, өзім киіндіретін едім ғой», – деп. Мамам ұмытып қалыпты, еске түсіріп біраз күліп алғанбыз. Бір жағынан, бұл тәрбие ғой.

– Тәрбие? Қандай мағынада?

– Ұят дегеннің ойыншықтарға да тән болу керек екеніне сілтеме деп ойлаймын. Балада ойыншықтар арқылы да көп ұғым қалыптасады. Ойыншық та тәрбие құралы.

– Демек, шетелден келіп жатқан қазіргі ойыншықтарға абай болу керек дейсіз бе?

– Иә! Бұл да қауіпсіздік мәселесі және ата-аналар да ойыншықты таңдауда мамам айтқандай, «шомылып жатқан қыз» деген сияқты сақтандыру позициясын ұстануы керек.

– Елсіздегі екі үйдің басынан талай оқиғалар да өткен болар. Қаланың жағдайында қазіргілер үшін тіпті ерекше болатындары бар ма?

– Елсіздікке тән жағдай – кәдімгі тірі табиғаттың құбылыстарының ортасында жүресің ғой. Қасқыр көп еді. Түнде үй маңына келеді, ұлиды. Әкем аспанға мылтық атады. Әрі үрейлене, әрі қызықтап па, әйтеуір, терезеден қарайтынбыз. Көздері от сияқты жылтырап, олай-бұлай жүргенін көретінбіз.

– Қасқырлар сонда адамнан қорықпай ма?

– Қорқады ғой. Жабайы аңдар үшін адамнан қорқынышты не бар дейсің. Олар адамның күшінен емес, айласынан қорқатын болуы керек. Біздің үйде 5-6 ит болды. Аңшы иттер еді. Солардың ішінде қасқырдан тайсалмайтын Қарауыз деген төбет болды. Үлкендігі есектей деуге болатын шығар. Әкем айтып отыратын еді: «басқалары Қарауыз бастаса ғана», – деп.

– Сіздің өлеңдеріңіздің тақырыбы табиғатпен астасып жатады. Мүмкін ол кішкентай кезіңізде осындай елсіздікте өскендіктен емес пе екен?

– Ол да мүмкін. Қыста тып-тыныш болғанымен, жазғы жайлауға төңірекке мал ауылдар көшіп келеді. Әрегіректе көөөп шыңыраулар бар еді. Мен мектепке бармай тұрып, санауды сол шыңыраулардың санаумен үйрендім. 37 шыңырау еді. Малшылар сол шыңыраулардан мал суаратын. Күндіз адамдары келіп малдың кешкі келуіне дейін түйеге жегілген шығырмен су тартып, ұзын-ұзын астауларды суға толтырып кетеді. Кейде кешке мал келем дегенше, киіктер келіп, суды дым қоймай ішіп кететін еді.

– Ол жақта киіктер де болған екен ғой?

– Иә, киіктер қарақұрым болып қаптап келеді. Олар аласапыран құйын сияқты, жолындағы ештеңеге қарамайды. Бұрылуды білмейді. Жолындағыдан қарғып өтеді. Қағып өтеді. Киіктер келе жатқанда: «үйге кіріңдер, киік келе жатыр», – деп үлкендер айқай салатын. Киіктер ошақ басындағы шелек-мелек, қазан-шәйнектің бәрін даңғырлатып-шалдырлатып таптап өте шығады.

– Сонда олар адамнан сескенбей ме?

– Олар көп қой. Қалқайып тұрған 2-3 адамды не қылсын?! Көптігі – олардың қорғанысы. Әрқайсысы өзін көппін деп сезінеді. Мысалы, жүз тұяғым бар деп сезінетін сияқты. Қуат-күшім де жүз есе деп. Тобыр эффектісі жақсы жұмыс істейді оларда. Адамдарға солай манипулияция жасайды деуге болатындай.

– Олар сонда күнде келе ме?

– Күнде келмейді. Бірақ олар су ішіп болғаннан кейін құдық басында жатып алады кетпей. Әкем оларға да аспанға мылтық атады. Мылтық атылғанынан-ақ қыр астындағы малшылар біледі киіктер астаудағы суды ішіп кеткенін. Олар ашуға басып, қайтадан келіп, әлекке қалып жүретін. Соның бәрі әлі көз алдымда, қасқырлар мен киіктердің ортасында өстік деуге болатындай жағдай еді.

– Ер азаматқа қарағанда әйел ақындардың өлең жазуға мүмкіндігі аз секілді ме? Қалай ойлайсыз?

– Өлең жазуға көп уақыт қажет емес. Аса көп мүмкіндіктің, аса бір баптың да қажеті шамалы. Өлең ұзақ, телміріп жазып отыратын жазушылық емес. Көлемді поэма жазатын болсаң ғана отырасың. Ал былайынша – баяны жоқ дүниені қуып жүрген бір сәттеріңде бір инсайттар келе қалады. Өлең болып түзіледі.

– Үнемі келтіру үшін не істеу керек?

– Ештеңе. Келді ме, жазылады. Келмей ме, онда қолыңды бос, басыңды қос қылып қойсаң да жазылмайды.

– Қағаз бен қалам адамның жанынан үнемі табыла бермейтін шығар. Қалай ойлайсыз?

– Бұрын қолмен жазатын едік, қазір қолмен де, клавиатурамен де, айфонға дауыстап та жаза саласың. Өлең келген кезінде сорпа сапырып отырып та жаза беруіңе тура келеді. Өлеңің сорпаның бетінде жүзіп кел жатқандай болады. Өйткені сол сәтінде жазбасаң, бітті. Ол сенің сорпа сапырып отырғаныңды не қылсын?! Ұшады да кетеді. Оны ғарыштың қай қиырынан табасың, сондай сәтте ұстап қалмасаң.

– Ол кейін еске түспей ме?

– Қазақтың классик ақыны Серік Ақсұңқарұлы осы таяуда жаңадан жазған бір өлеңін жіберді. Жіберді де, айтты. «Мұның алдында жазғаным аяқ астынан, тасқындап келген күйінде жазылып еді. Қалай екенін білмеймін, мен оны сол бойда жоғалтып алдым. Компьютерді шарқ ұрып таппадым. Сосын есіме түсіріп отырып, қайтадан жазып шықтым. Бірақ алдыңғысы мықты еді, әттең қолдан шығып кетті», – деді. Сонда, соңғысы – негізгі ойды еске түсіріп отырып, өзін-өзі күштеп жазғаны. Бұл да мықты. Бірақ алдыңғысы ғарыштан құйылып келген динамикасымен жазылған ғой. Оның мықты болатыны содан. Серіктің өкінішін түсіндім.

> **Өлең жазуға көп уақыт қажет емес. Аса көп мүмкіндіктің, аса бір баптың да қажеті шамалы. Өлең ұзақ, телміріп жазып отыратын жазушылық емес. Көлемді поэма жазатын болсаң ғана отырасың. Ал былайынша – баяны жоқ дүниені қуып жүрген бір сәттеріңде бір инсайттар келе қалады. Өлең болып түзіледі.**

– Отбасының рөлі алдыңғы орынға шыққан сәтте ақынға өлең жиі қона бере ме?

– Өз жағдайыма қатысты айтатын болсам, оған отбасылықтың еш қатысы жоқ. Және өлеңнің келуін жиі деп немесе сирек деп күнтізбелік өлшемге сыйғызып айту қиын. Кейде ноқта боларлық бір сөз тіркесі ойға келе қалса, өлеңнің өзіақ жетекке ілесе береді. Кейде екі-үш күн бойы сол аурада жүресің. Өлең өзіңде емес, өзің өлеңнің ішінде жүргендей боласың. Кәдімгі қатар отырып шәй ішіп. Бір-біріңмен тілдесіп. Айналаңдағы у-шуды елемей. Ол бір ғажап сәттер.

– Ондай сәт жиі бола ма?

– Жиі емес. Жиі болса, күнде өлең жазып отырар едік қой. Жәй уақытта сөздің бұлдысы ауызға түсе бермейді. Кейбір өлең жолдары «ішіп алған» сияқты кейіпте келіп тұрады. Яғни, түсініксіз, не айтқысы келгенін ұқпайсың.

– Ондай кезде анаңыз айтқан «шомылып жатқан қыз ғой» деген сияқты сақтандыру позициясын ұстанасыз ба?

– Сақтандыру позициясы болуы керек. Поэзияның өзіндік этикасы, ішкі мәдениеті сақталу керек. Лас, дөрекі сөз поэзияның ақсүйек болмысын бұлдіреді. Нағыз ақындар – өз поэзиясын таза ұстай алатындар.

– Жазу үстінде қандай сезімде немесе жағдайда боласыз?

– Ерекше көтеріңкі көңіл күй келеді. Бірақ жазып болған соң, қатты шаршағаныңды білесің. Шамасы өлең бүкіл тұрпат-тамырыңнан, жүйе-жүйкеңнен қайнап шығатын сияқты. Жазып отырғанда ол өзіңе байқалмайтын болуы керек.

– Анаңыз бен Анамдай болған Фариза апайға арнап, өлең жаза алмадым дейсіз. Ақынның көпшілігі Ана туралы көп толғай бермейді. Мүмкін, жүрек түкпіріндегі әдемі сезімді дәл суреттеп бере алмай ма екен?

– Анам туралы өлең жаза алмағаным сияқты, оны неге жаза алмағанымды да түсіндіріп бере алмаймын. Тіл байлығы деген керемет қой, бірақ ол сезім байлығын суреттеуге шамасы жетпейді. Тіл байлығымыз сезім байлығының екі-үш тамшысындай ғана шығар.

– Жазушы Төлен Әбдік «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында қазіргі жастар қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаған аға буын жазушылардың көбінің шығармаларын оқи бермейтінін, оның себебін заман ағымының өзгеруімен, баяғыдай цензураның болмауымен байланыстырады.

– Себеп – Төлен аға айтқандай, замана ағымының өзгеруі және әдебиетті насихаттаудың жаһандық тұсауға түскендігінен деп ойлаймын.

– Неге тұсауланды дейсіз?

– Қазіргілер көркем әдебиеттегі форматпен ойламайды. Қоғамның ойы мүлдем басқа жақта.

– Бірақ біз көркем әдебиетпен өстік, солай ойладық та. Сөйтіп, осы дамыған заманға жеттік қой?

– Иә! Соның бәрінде біздің ұрпақ жаңа бір нәрселерді іздеп жүрген еді ғой. Оны негізінен көркем әдебиеттен іздедік. Сөйтіп, осы кезеңге дейін алып келдік. Бұл – біз орындаған миссия. Ал ендігі ұрпақ – олар да баяғы біз сияқты жаңа бірдеңе іздеп жүр.

– Бірақ олар оны көркем әдебиеттен іздеп жүрген жоқ сияқты ма?

– Олардың көші цифрға қарай кетті. Ал енді олардан кейінгі ұрпақ та бұлардың цифрын емес, сол цифрды баспалдақ қылып тұрып, өздерін адамның емес, жасанды интеллектінің ұрпағымыз деп айтқанды ұнататын болады деп ойлаймын. Және өздері жасаған сол жасанды интеллектіге еліктейтін шығар.

– Қазақ кеңес әдебиеті мен қазіргі заманауи әдебиеттің арасында үлкен айырмашылық байқала ма? Екі түрлі заман әдебиетінің бір-бірінен айырмасы бар ма?

– Әрине, бар. Ол өзгешелікті кейінгілердің ойлау машығындағы жаңа инсайттардың ашылуымен түсіндіруге болады. Әр ұрпақ өз идеясымен туады. Ол бұрынғылардың шеңберінде қалам десе де қала алмайды. Қалса, бір көйлекті күнде киіп жүргенмен бірдей болар еді. Қоғамға жаңа идея керек. Бірақ ол идеялар бұрынғыларды тастабан етіп барып туындайды. Бұрынғы сахабалар да, әулие-пірлер де өзіне дейінгілерден нәр алды емес пе?

– Поэзия күйреуік боп барады. «Жылаңқы өлеңдер көп жазылады» деген пікірге қалай қарайсыз?

– Жылаңқы өлең жас кезде, әсіресе ақын қыздарда көп болады. Оның себебі – қыз бала табиғатындағы біреу мені аяса екен, біреу еркелетсе екен деген ішкі табиғи қажеттіліктен болар деп ойлаймын. Жас 30-дан асқаннан кейін еркелік жайына қалады. Сосын қайратты өлеңдер жазыла бастайды немесе жастықтың лебімен топырлай келгендердің қатары сирей бастады. 20 шақтысынан екеу-үшеуі қалса, соның өзі олжа.

– Неге тастап кетеді деп ойлайсыз?

– «Тау басында жел жүрер» дегенге келтіріп айтсақ, жастық шақтың өзі поэзия ғой. Жүріс-тұрысың, сөзің, көзің, өзің – бәрі поэзия сияқты. Өлең жаздыртады. Сосын адам өмірі бірте-бірте прозалық сипатқа ие болады. Прозалық сипаттағы өмірің бірте-бірте драма жанры сияқтанады. Ал жас алпыстан асқан соң, тіршіліктің бәрін екшей бастайсың да, өзіңді «ходячий» сын жанры сияқты сезінеді екенсің. Ал енді біреулер өздерінің дарынына тұншығып қалады-ау деймін.

– Тұншығып деген қалай?

– Өздерінен өздері «өртеніп» кетеді.

– Қалай «өртеніп»?

– Неміс поэзиясының ғажайып өкілі Гельдерлин сияқты немесе қазақтың Гүлзакира Әбілдаевасы сияқты. Бұл екеуі де ақындықтың азабын шеккендер. Ол екеуінің бойында балалық аңқаулық есеймей қойғандай. Бойларындағы сол балалық аңқаулық пен есейген сезім итжығыспен жүргендей болды-ау деймін. Ақындық деген – ол да бір өзіндік ішкі көрінбейтін фронт деп ойламын.

– Сонда ол дерт пе, сағыныш па, аңсар ма, не нәрсе?

– Кейбіреулерге дерт болып қонатын болар. Дерт болмаса да, мойнында бір парыз бар сияқты сезініп жүретінің рас.

– Кімнің алдында?

– Оның жауабы жоқ.

– Жазатын кезде алдыңызда бір мақсат тұрмай ма? Кім үшін, не үшін жазып отырмын дегендей?

– Мен көп өлеңдерімнің қалай жазылғанын, не мақсатпен, не үшін, неге бұлай айтылғанын өзім түсінбеймін де, білмеймін де.

– Біреу махаббат лирикасын жырлайды, енді біреу еркіндік жыршысы болғысы келеді. Кейбіреулер рухты өлең жазуға арнайды. Оңайгүл Тұржан поэзиясының ерекшелігі неде?

– Менде махаббат тақырыбы жоқ. Ерекшелігі сол болар. Басқа ерекшелікті оқырман білетін шығар. Ал өзімнің білетінім – маған абстракция жиі келеді. Мысалы, «...Қара шашым жүр қоғам ішінде бұқырап, Айвазовскийдің тоғызыншы валынан келгендей», немесе «Жорықтар аттан түсе қап, тарихқа жаяу кеткендей», не болмаса «...Тауларың бөлшек-бөлшек, осы жерде, Тас ғасыр тау лақтырып ойнағандай», немесе «...Жиналып алып толқимыз кейде, түс көрген теңіз секілді», немесе «...Осы далада сусыз-ақ өсе беретін, адыраспанның психологиясына таңғалам».

– Өзіңіз аңсаған дүниені шығармашылықтан таба алдыңыз ба?

– Таптым деп кесіп айтайын десем, бұл маңға о баста бірдеңе іздеп келмейтінің анық. Өйткені шығармашылық – ол аяқталмайтын дүние.

– Сұхбатыңыз үшін рақмет, Оңайгүл апай! Енді... сұхбатқа қандай тақырып қойсақ екен?

– «Шомылып жатқан қыз ғой, ұят болады» позициясы» деп қоя салыңыз.

– Ойбоййй! Неге?

– Бұл – шығармашылықта да сақтандыру позициясының, яғни ішкі цензура болу керегіне сілтеме сияқты!

– Ең болмаса «поэзия этикасы» деген мәселені қосып көрсетейік.

– Болсын!

Әңгімелескен Гүлзина БЕКТАС

13 МАМЫР 2025 | СЕЙСЕНБІ

ӨМІРДЕН КІМ ӨТКЕНІН БІЛЕСІЗ БЕ?

АЛАТАУ АҢЫРАП ҚАЛДЫ...

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, руханияттың асыл абызы Темірхан Медетбек 80 жасқа толған шағында дүниеден өтті. Өмірі өлеңмен өрілген, жүрегі туған жердің жырын тербеген ақын қазақ поэзиясының абыройын асқақтатқан, ұлттық рух пен азаттықтың жыршысы еді.

Темірхан Медетбек Алматыдағы Абай атындағы институттың филология факультетінде оқыған, республикалық телевидениеде қатардағы редактор болған. 1973 жылы Маңғыстау облысы ашылғаннан кейін облыстық газетте әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі міндетін атқарушы болып жұмыс істеген. 1996 жылы Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы болып сайланды.

2003 жылы республикалық «Ақиқат» қоғамдық-саяси журналының бас редакторы, ал 2006 жылы республикалық «Жұлдыз» әдеби-көркем журналының бас редакторы болып тағайындалды.

Ақын «Жанымның жапырақтары», «Сапар алдында», «Алыс шақырымдар», «Мәртебе», «Көгершін қауырсындары», «Аңқа кептірген аңызақ», «Көк түріктер сарыны» жыр жинақтары мен «Менің Абайым», «Баба дәстүрдің мұрагері кім?», «Сегіз қырлы сексен сырлы әлем бұл» атты сан кітаптардың авторы. Сөзден қашалған ескерткіш іспетті өлеңдері бірнеше тілге аударылып, өз оқырманын тапты.

ҚОШ БОЛ, ҚАЗАҚТЫҢ КӨК БӨРІСІ

Бүгін қазақтың даңқты ақыны Темірхан Медетбекті ақтық сапарға Жазушылар одағынан шығарып салдық. Халық көп жиналды. Сол жерде Темірхан ақынмен қоштасу сөзімізді айттық.

«Алладан шынымен жарлық келсе, жұлдыз да жерге түсер аспандағы» дегендей, Алланың еткен ісіне адамның жоқ шарасы деп трибунада ақынның жары Шолпан ханымға көңіл айттық. Біз Темірханмен сырлас болмасақ та, сыйлас болып едік. Өйткені біз соғыстан кейін туған ұрпақ едік. Анау 60-жылдары біз ес жинап, етек жауып, әдебиет әлеміне араласа бастаған тұста дүние жаралып, су аққалы, ғасырдан ғасыр ауысып, қазақ – қазақ болғалы, не көрмедік, не көрдік. Сол 60-жылдары біз кешегі аштықтан шыққан, соғыстан қансырап шыққан халықтың егілген еңсесін көрдік. Мінекей, осы тұста біздің ұрпақ алғаш қалам ұстаған 60-жылдардағы соғыстан кейін туған ұрпақ ақын-жазушылары елдің еңсесін көтеру үшін қолға қалам алдық. Соның басында Темірхан Медетбек тұрды. Ол тарихын жалмаған заманда қазақтың терең тарихына көз жіберді. Көк түріктердің күндей күркіреген заманына көз жіберді. Сөйтіп, көк түріктер тақырыбын әдебиет әлеміне алып шықты. Оның «Көк түріктер сарыны» аталатын шығармасы осыған дәлел. Яғни, біз езілген ғана ел емес едік, біз – елдігіменен күндей күркіреген ел едік кешегі күні. Бірақ сол біздің тарихымызды айтқызбады, «ендеше тыңдаңыздар деп «Көк түріктер сарынын» жазды. Сонау Тоныкөк заманына барды. Сөйтіп, түріктер аталатын аталарымыздың тепсінген дәуіріне қалам тартты. Бұл ақыры біздің поэзиямызда Көк түріктер тақырыбы тұңғыш рет көтерілуі еді және оқырманына шабыт беретін, оқырманына жігер беретін, оқырманның еңсесін көтеретін, оның тарихи жадын жаңғыртатын таңғажайып туынды болды. Сол үшін Темірхан мемлекеттік сыйлық алды. Енді бүгін біз сол Темірханмен қоштасып отырмыз. Бүгінгі заманның көк түркімен қоштасып отырмыз.

Жаппар ием жарылқап,
Ақыретте алдынан,
Жеті тозақ жабылып,
Сегіз пейіш ашылғай дейміз.

Қош бол, қазақтың көк бөрі ақыны Темірхан досым!

Смағұл ЕЛУБАЙ,
Қазақстанның Халық жазушысы

ТЕМІРХАН МЕДЕТБЕКПЕН ҚОШТАСУ

Құшып көкті,
Күлтегін бүгін Жерден ұшып кетті...
Қаран қалар дүние қаран ғап бір,
Тамамдалар дүние тамам боп тұл!

«Көк Түріктер сарыны» көзден ұшып,
Сағыныш сартап болар заман кеп тұр.
Ажалға бар ма менің амалым да?
Сол сарын маза бермес саналы ұлға!

Қара өлең Құдайдың бір құбылысы ед,
Темірхан Медетбектің заманында.
Сонда тұр ел мұраты, ұлт өмірі,
Қазақтың көншімеді-ау, бір көңілі?

Хош болғай, енді қайта көрісем бе,
Менің зар заманымның Күлтегіні.
Буынның бірі кетер, бірі келіп,
Тұлпарлар тұяғынан дүбір өріп.

Ол кетті...
Ол кеткенмен төбемізде,
Көк Түрік тұрады әлі күңіреніп...

Серік АҚСҰҢҚАР,
ақын,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

АР-НАМЫСТЫҢ АҚЫНЫ

Ортамыздан Ар-Намыстың ақыны, ұлттың ұлы жыршысы кетті.

Аты аңызға айналған Баукең батырдың майдандас қатары өмірден өткенде: «Уже по нашим координатам бьют!» деген сөзі бар. Қазақ поэзиясындағы «Соғыстан соң туғандар» деп аталатын буынды, толқынды құраған Жарасқан, Кеңшілік, Жұматай, Дәуітәлі, Шөмішбай, Ибрагим, Тыныштайлар еді, соңы Несіпбек, Есенғалиларға ұштасқан. Міне, осы буынның басында өзінің өзгеше жырларымен Темірхан Медетбек тұрды.

Темкеңнің тұңғыш кітабы 1970 жылы шықса, менің тұңғышым 1973 жылы шығып, жасымыздың айырмашылығына қарамастан әдебиетке бір кезеңде келдік. Біз бір буын, бір толқын болып есептелдік. Өмірде ағалы-інілі болдық, арамызда ерекше сыйластық бар еді. Өмірдегі арқасүйер бір ағам, үлкен жолда үзеңгілес жолдасым болды десем артық айтқандық емес.

Кейінгі кезде ауруханаға жан сақтау бөліміне қайта-қайта түсіп, әр шыққан сайын, соңында дәрігерлер телефонын алып қойғанша хабарласып отырдық.

– Маған келіп әуре болма. Шаршап қаламын. Осылай телефон арқылы бірер ауыз тілдесіп тұрсақ жетеді. Шаруаң көбін білемін, тек ұмытып кетпеші, – деген. Шамам келгенше үміттендіруге тырысып жүрдім. Алматы қалалық әкімдігіндегі інілеріміз де ауруханаға бас дәрігеріне ерекше тапсырып, үнемі қадағалап отырды. Соңғы тілдескенімізде:

– Енді болған сияқты. Жүректің әлсіреуі тым жиілеп кетті. Кететін уақытым келіп қалды-ау деймін, – деді. Дауысында ешқандай қобалжу болған жоқ... «Шипасын берсін, ертең-ақ тәуір болып шығасың, сен мықтысың ғой, Темаға!», – деп тілім жеткенше жігерлендіріп бақтым.

Содан кейінгі күндері сапарда жүріп байланыссам, жары Шолпан апай көтеріп, дәрігерлері телефонын балалардан үйге беріп жібергенін, оттегімен жасанды демалдырып жатқанын айтты. Амал не? Жазмышқа озмыш жоқ екеніне тағы көз жетті...

Бір өлеңінде Темірхан: «Балалығым – өзімде!» деп жазған болатын. Ол бұл өмірден бойындағы балалық тазалығын, жүрегіндегі кіршіксіз сәби сезімін былғатпай өтті. Осыдан 25 жыл бұрын ол Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылғанда «Егемен Қазақстанға»:

«Темірхан Медетбек – тасқа тамыр, темірге жан бітіретін ақын!» деп қолдау мақала жазған едім. Өзі осы теңеуіме көңілі толып, ризалығын білдірген. Жақында ғана ТҮРКСОЙ-дың Алтын медалімен марапатталуына септігім тиді. Оны халықаралық ұйымның Бас хатшысы Сұлтан Раев Алматыға арнайы келіп, Қазақстан Жазушылар одағының шаңырағында өз қолымен өңіріне тағып беріп, сертификатын табыстаған. Бұл – ақынның бағзы түрік рухын тірілткен өлмес еңбегіне лайықты баға еді!

Темағамның 80-ге толған мерейтойына арнап жазған «Поэзия қағаны» атты өлеңім тоқтай алмай, толғауға айналып кетіп еді. Мен оны тасқа жыр қашаған бәдізші ақын Йолықтегін қағанның бүгінгі жалғасы деп санаймын. Түрік дүниесінің классигі Темірхан ақынның поэзияға қосқан ерекше үлесін таратып айтуға үлкен монографиялар керек. Оның ақындығының өзін бір дәуір десек болады.

Өмірдің өртеніп тұрған өзекті тақырыптарын қозғады.

Ұлттың ұлы мұраттарын қорғады.

Көк түріктер сарынын көкке көтере жазды.

Рухымызды асқақтатты.

Намысымызды оятты.

Мұндай қара тырнағына дейін қайтпас, қайсар, қайраткер ақын, алты Алаштың ақсемсеріндей өткір, алдаспан ақын ғасырда бір туады. Қазақ халқына, түрік дүниесіне, Шолпан апайға, отбасына ауыр қайғыға ортақтасып, шын жүректен көңіл айтамын.

Бақұл бол, Темаға!

Жаның жәннатта болсын!

Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ,
ақын,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты,
ТҮРКСОЙ Жазушылар одағының төрағасы

Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қабырғасында алғаш рет өткізіліп жатқан Әлихан Мақсұт атындағы RoboZerde – 2025 халықаралық робототехника фестивалі ғылым мен шығармашылықтың, білім мен болашақтың нағыз тоғысқан тұсы болды. Бұл шара жас буынның техникалық қабілетін паш етіп қана қоймай, олардың болашаққа сенімі мен ұмтылысын нақты көрсетті.

БІЛІМ МЕН БОЛАШАҚ БӘСЕКЕСІ

Фестивальда ерекше көңіл күй мен технологиялық серпіліс лебі сезілді. Залдағы роботтар, дрондар, жарыс алаңдары – бәрі де балалардың еңбегі мен ізденісінің айғағы іспеттес. Қырғызстаннан келген командалардың қатысуы фестивальдың халықаралық мәртебесін арттырып, жастар арасындағы ынтымақтастық пен достықты нығайтты. Мұндай ауқымды бастамалар жарыс қана емес, болашақты бірге құруға бағытталған стратегиялық қадам. Бұл шара арқылы жасөспірімдер әлемдік ғылым кеңістігіне енуге алғашқы нақты қадамдарын жасап отыр. Сонымен қатар фестиваль аясында өткен пікірталастар мен семинарлар жастардың білім көкжиегін кеңейтіп, жаңа технологиялық шешімдер мен инновациялық ойлау қабілеттерінің маңызын тереңірек түсінуге ықпал етті.

Фестивальды ұйымдастыруға еңбек сіңірген мекемелердің үлесі ерекше. Олардың қатарында Астана қаласының Білім басқармасы, Л. Гумилев атындағы ЕҰУ, Astana IT University, KAZ ROCKETS қоғамдық қоры, «Әлихан Мақсұт атындағы дарынды балаларды қолдау қоры», Mu Extra Lab ЖШС, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы, елордадағы бірқатар білім ордасы – №9 «Зерде» мамандандырылған лицейі, «Роботек» білім беру робототехника мектебі, «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы бар. Бұл ұйымдар фестивальды жоғары деңгейде ұйымдастырып, жас дарындардың болашағы үшін пайдалы болатын алаң ұсынды. Мұндай жобалар – қоғам мен мемлекеттің болашаққа деген жауапкершілігінің көрінісі. Қатысушыларға барлық жағдай, техника, жарыс алаңдары, ақпараттық қолдау жасалған. Фестивальда ата-аналар мен педагогтер де жас дарындардың жетістігіне куә болып, балалармен бірге қуанды.

Жарыс барысында түрлі номинация ұсынылып, жас қатысушылар тек техникалық емес, шығармашылық, логикалық, стратегиялық қабілеттерін де көрсете білді. Фестиваль қорытындысы бойынша жеңімпаздар келесі номинациялар бойынша жүлдеге ие болды: «Басқару симуляторы» санаты бойынша Нсанбаев Алихан (Батыс Қазақстан облысы); Mu Extra Case Competition шығармашылық санаты бойынша Codi Science командасы (Астана қаласы); «Инверсті сызық бойымен жарыс» санаты бойынша Robo Com командасы (Астана қаласы); «Мерген» санаты бойынша Aloft командасы (Көкшетау қаласы); Micro-FPV санаты бойынша Тимофей Муравьев (Қарағанды қаласы); «Дрон футболы» санаты бойынша «ОБТШО» командасы (Батыс Қазақстан облысы). Жеңімпаздарға диплом, медаль, ақшалай сыйлық пен кубок табысталды. Қатысушылардың бойындағы жаңашылдық, ізденіс, батыл қадамдар еліміздің ғылыми-технологиялық дамуына үлес қосатыны сөзсіз.

«Robozerde-2025» фестивалі – жасөспірімдердің ғылыми-техникалық қабілетін дамытып, олардың заманауи технологиялар саласындағы әлеуетін танытатын маңызды алаңға айналды. Мұндай бастамалар – еліміздің инновациялық болашағына бағытталған нақты қадамдардың бірі. Фестиваль барысында көрсетілген жобалар мен бастамалар жастардың техникалық шығармашылығының жоғары деңгейін көрсетті. Фестивальдың маңызы ғылыми жетістіктермен ғана шектелмейді, ол жастарға өз мүмкіндігін ашуға, жаңа технологияларды меңгеруге және бір-бірімен тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Бұл алаңда жас дарындар болашақтың ғылымы мен технологиясына қадам басып, еліміздің дамуына үлкен үлес қосуға дайын екенін көрсетті.

Тоғжан НҰРҚАНОВА

КҮМІС ЖҮЛДЕ СЫҢҒЫРЫ

Қылышпен семсерлесу спортынан ұлттық құрама көшбасшысы Руслан Курбанов Колумбия астанасы Богота қаласында өтіп жатқан Гран-при турнирінде екінші орын алды.

Руслан Курбанов финалда жапония Акире Коматеге 10:15 есебімен есе жіберді. Осылайша, күміс жүлдені қанағат тұтты. Ал жартылай финалда өзбек Вадим Анохиннен 15:14 есебімен басым түскен еді. Турнирдегі үздік үштікті француз Луиджи Мидельтон түйіндеді.

Ел құрамасынан Ерлік Сертай үздік ондыққа кірді. Ол жарысты сегізінші орынмен аяқтады.

АЙҚЫНДАМА

13 МАМЫР 2025 | СЕЙСЕНБІ

ЖАМБЫЛДА «ҚЫЗҒАЛДАҚ МҰРА» ФЕСТИВАЛІ ДҮРКІРЕП ӨТТІ

Жамбыл облысы Талас ауданы Қаратау бөктеріндегі «Қызғалдақ мұра» халықаралық фестивалі төрткүл әлемнен келген ғалымдар, экологтер мен табиғат жанашырларының басын қосты. Жыл сайын көктем келе Қаратау алқызыл кілемге оранып, туристер мен тұрғындардың қызығушылығын арттыратыны белгілі. Биыл да Табиғат-Ананың осынау көрінісі ерекше әсер сыйлап, фестивальге келушілерге керемет көңіл күй сыйлады.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Жалпы, Жамбыл облысы қызғалдақтардың түрлері бойынша елімізде көш бастайды. Өңірде гүлдің 18 түрі өсетін болса, 10-ы Қызыл кітапқа енген. Халықаралық фестивальдің Жамбыл жерінде өтуі сонысымен де құнды.

Ауқымды шараға облыс тұрғындары ғана емес, Германия, Украина, Қырғызстан, Нидерланды, Ресей, Қытай, Түркия және Үндістан елінен келген қонақтар қатысты. Сонымен бірге экожүйелер бойынша сарапшылар, ЮНЕСКО, консулдық және дипломатиялық корпустардың өкілдері, Парламент Мәжілісінің депутаттары мен министрлік мамандары да фестивальдің басы-қасынан табылды.

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев шараның ашылу салтанатында фестивальдің экологиялық мақсат-мұратына айрықша тоқталды. Сондай-ақ мұндай шаралар табиғатқа деген жауапкершілікті қалыптастырып, туған өлкенің табиғи мұрасына деген қызығушылықты арттыратынын баса айтты.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде туризмнің барлық түрін экологиядан бизнеске дейін дамытуға кең мүмкіндіктер бар екенін атап өтті. Осы орайда бүгінгі шара өніріміздегі туризмнің дамуына тың серпін береді деп сеніммен айтуға болады.

Қызғалдақ – ұлттық мақтаныш пен мәдени мұраның символы. Қызғалдақ гүлі қазақ даласынан бастау алып, дүниежүзіне таралып, ол голландиялық бақтарды қоса алғанда, әлемдік саябақтардың сәніне айналды. Бұл – туған жеріміздің ұлылығы мен байлығының жарқын көрінісі, – деді аймақ басшысы.

Фестиваль аясында жамбылдық қолөнершілер 200 шаршы метрлік киіз басып, Қазақстанның КИНЭС рекордтар кітабына енді. Үш айда дайындалған шеберлердің туындысы шетелдік қонақтар мен қолөнершілерді таңғалдырды.

– Қазақ халқы үшін киіздің орны айрықша. Ақпан айының ортасында өңірдегі бес қолөнерші ассоциацияның 100 мүшесі бірігіп, бұл іске жұмылды. Шығармашылық топ күн-түн демей еңбек етіп, қызғалдақ бейнесі бедерленген бірегей бұйымды жасап шығарды. Киіздегі өрнектерді белгілі дизайнер Айдархан Қалиев таңдады, – дейді Qoloner Taraz қоғамдық бірлестігінің төрағасы Раушан Құндызбаева.

Ісмерлер киіз басудың дәстүрлі ылғалды әдісін қолданып, жергілікті табиғи шикізатты пайдаланған.

Рекордтар кітабына енген қолөнершілердің киізі енді арнайы шынымен қапталып, халықаралық «Әулие-Ата» әуежайына табыс етілмек.

– Бұл игілікті бастама мәдени мұрамызды сақтап қана қоймай, оны халықаралық деңгейде насихаттауға зор ықпал етеді, – дейді Раушан Құндызбаева.

Фестивальде «Қымызмұрындық» рәсімі аясында бие сауушылар жарысы да өтті. «Қазық қағу», «бие байлау» дәстүрлері дәріптеліп, «Қымыз ашыту» бойынша шеберлік сағаты ұйымдастырылды. Қымыз көрмесі де көпшілік назарына ұсынылды.

Фестивальде ұлттық спорт түрлерінен өткен дүбірлі додалар жанкүйерлердің делебесін қоздырды. 300-ге жуық қатысушы аударыспақ, қазақ күресі, қошқар көтеру, жілік шағу, дәстүрлі садақ ату, асық ату, арқан тарту және желке тарту секілді спорт түрлері бойынша өзара бақ сынасты.

Көпшіліктің қызығушылығын тудырған бәсекенің бірі – құмай тазы жарысы болды. Сайыс ережесіне сай төрешілер ең жылдам әрі шапшаң тазыларды анықтап, үздіктерді марапаттады. Тазылар сайысы шетелдік қонақтарға ерекше әсер сыйлады.

Фестиваль көрігін көкпар додасы да қыздыра түсті. Тұлпарлар дүбірі мен шабандоздар сайысы ұлттық рухты асқақтатты.

Сондай-ақ шара аясында ақшаңқай киіз үйлер тігіліп, қолөнершілер жәрмеңкесі ұйымдастырылды. 150 ісмердің жүннен жасалған киімдер, қыз жасаулары, тұрмыстық бұйымдар мен қолмен тоқылған ойыншықтар көпшілік назарына ұсынылды. Бұл көрме қазақ қолөнерінің беделі мен шеберлердің талантын танытқаны анық.

Шарада қазақ ою-өрнегі мен қызғалдақ символикасы бейнеленген сән көрсетілімі басты оқиғалардың бірі болды. Дизайнерлердің өнімдері қызғалдақтың табиғатта ғана емес, сонымен бірге аймақтың мәдениетінде де терең тамыр жайғанын тағы бір рет дәлелдеді.

– Бүгінгі шара маған үлкен әсер сыйлады. Жамбыл облысының қызғалдақтары – Қазақстан мен Нидерланды арасындағы мәдени көпір. Тарих, дәстүр және табиғатқа деген сүйіспеншілік елдерімізді қалай байланыстыратынын көріп отырмыз. Мұндай бастамалар ынтымақтастықтың көкжиегін кеңейтеді, – дейді Нидерланд Корольдігі Елшілігінің ауыл шаруашылығы кеңесшісі Ари Велдхаузен.

«Қызғалдақ мұра» фестивалі Жамбыл облысының бірегей табиғи мұрасын сақтау үшін маңызды оқиғаға айналғаны анық. Әсіресе, Грейг, Кауфман және Регель қызғалдақтарын ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік табиғи мұралар тізіміне енгізу және Кіші Қаратау аумағында геопарк ашу ұсыныстары ерекше қолдау тапты. Бұл жоба болашақта Қаратауды экотуризм орталығына айналдыра отырып, табиғи ресурстарды сақтауға ғана емес, өңірдің дамуына да ықпал ететіні айқын.

Алматы облысында елді мекендерді табиғи газға қосу жұмысы қырқынды жүріп жатыр. Бүгінде балталап отын жарып, шелектеп көмір тасып жүрген тұрғындардың қатары сирек. Бұл үрдіс қала маңындағы кенттерді былай қойғанда, шалғайдағы ауылдарда да жиі байқалады.

КЕЛІП ГАЗ, ЕЛ-ЖҰРТ МӘЗ

Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ,
Алматы облысы

Дерекке жүгінсек, бүгінде өңірлік сызба аясында 157 елді мекен көгілдір отынға қосылып, 1,2 млн адам табиғи отынмен қамтылыпты. Ал бұл облыстағы жалпы халықтың 77 пайызын құрайды деген сөз. Атап айтқанда, былтыр 17 ауыл газбен қамтылды. Ал осы жылдың соңына дейін газдандыру деңгейін 59,5 пайызға дейін жеткізу жоспарланып отыр екен. Яғни, тағы 169 елді мекенге көгілдір отын жекізілмек. Бұл мақсатта биыл жаңа жобаларды іске асыруға 6,7 млрд теңгеден астам қаражат қарастырылды. Тағы 1,4 млрд теңгесі жобалық-сметалық құжаттаманы дайындауға бағытталды.

Қазіргі сәтте газдандыру жұмыстары Қонаев, Балқаш, Жамбыл және Іле аудандарында жүргізіліп жатыр. Ал өңірді газдандыру 2030 жылға дейін толық аяқталады деп жоспарланып отыр. Бұл тұрмыстық жағдайларды жақсартуға ғана емес, сонымен қатар экологияға жүктемені азайтуға, экономикалық өсуге және ауылдық жерлерге инвестициялар тартуға жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Шалғай ауылдарды газдандырудың арқасында тұрғындардың тұрмыстық мәселелері шешімін табатыны сөзсіз. Мысалы, жақында Жамбыл ауданындағы Қазыбек бек ауылында газ тарату желісі іске қосылды. Бұл жай ғана инфрақұрылымдық жоба емес, бұл мыңдаған адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға жасалған қадам болды. Осы құрылыстың ашылуына қатысқан облыс әкімінің орынбасары Әсет Масабаевтың айтуынша, тұрғындарды тұрақты газбен жабдықтау – бұл тек жайлылық қана емес, ауыл экономикасының жарқын болашағына ықпал етеді.

– Шалғайдағы шағын ауылға газдың келуі шағын бизнесті дамытуға, өндіріс ашуға, инвестиция тартуға мүмкіндік туғызады. Бұл – тұрақты өсу мен жұмыспен қамтуға бағытталған қадам. Бұл газ желісі Қазыбек бек ауылынан бөлек, тағы да бес ауылды қамтиды, – дейді облыс әкімінің орынбасары Әсет Масабаев.

Жалпы, газ құбырларын жүргізу жұмыстары 2023 жылдың желтоқсанында басталып, 2024 жылдың соңында аяқталды. Негізінен, кесте бойынша құрылысқа 26 ай берілген болатын. Жұмыс жоспарланған уақыттан да ерте аяқталды. Жобаның жалпы құны 4,2 млрд теңгені құрады.

Айтпақшы, бүгінде аймақта бірнеше бағытта газ тасымалдайтын ірі магистралды газ құбырлары жұмыс істейді. Ол қатарда «Алматы – Талдықорған», «Алматы – Байсерке – Талғар», «Алматы – Байсерке-Талғардың» 2-ші желісі, «Байсерке – Қапшағай», «Ташкент – Бішкек – Алматы» газ құбыры желісі және өңір аумағынан өтетін «Қазақстан – Қытай» құбыр желісі бар. Сондай-ақ «ғасыр жобасы» атанған «Шелек – Кеген – Нарынқол» бағытындағы табиғи газ тарту желісінің құрылысы қарқынды жүріп жатыр.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Университет). Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 23-f тармағы негізінде Университетке қарасты «Жаратылыстану ғылымдары» факультетінің оқу-өндірістік және қызметтік қажеттіліктеріне байланысты «Робототехника оқу зертханасын» жабдықтау мақсатында қосымшаға сәйкес тауарларды сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын орындалатын жұмыстардың мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап күнтізбелік 35 күн ішінде.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұранамыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын тауарларды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (келісімшарт, жүккұжат, электрондық шот-фактура);
3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзіретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
4. Әлеуетті өнім берушінің тауарлардың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың қажетті үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.
5. Әлеуетті өнім беруші ҚҚС төлеуші болса, ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚҚС қарастыру керек.
6. Әлеуетті өнім берушінің уәкілетті органнан берешегі жоқ туралы анықтамасы;
7. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5% мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі шарт; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, 29В, БСН 990440008043, БСК HSBKKZKX, ЖСК KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Сатып алынатын тауарлардың тізімін (қосымша) http://ayu.edu.kz/ сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203-кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 23.05.2025 (15:00), №201-кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап кем дегенде 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203-кабинетте қабылданады.

2025 жылғы 1 маусымнан бастап қолданысқа енгізіле отырып, бірыңғай маршруттау жөніндегі операторлық қызмет бойынша «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Қазақстан Республикасының магистральдық құбырлары арқылы ішкі нарық үшін қазақстандық мұнайды тасымалдау жөніндегі қызметі бойынша тарифті және тарифтік сметаны оңайлатылған тәртіппен бекіту туралы

Осымен «ҚазТрансОйл» АҚ «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 10) тармақшасына және 20-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2024 жылғы 6 мамырдағы №50-НҚ бұйрығымен Қазақстан Республикасының магистральдық құбырлары арқылы ішкі нарық үшін қазақстандық мұнайды тасымалдау қызметі – бірыңғай маршруттау жөніндегі операторлық қызмет 1 тонна үшін 4,02 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз) «ҚазТрансОйл» АҚ тарифі мен тарифтік сметасы оңайлатылған тәртіппен бекітілгенін хабарлайды.

Көрсетілген тариф **2025 жылғы 1 маусымнан 2026 жылғы 31 мамырға дейінгі кезеңге** белгіленді.

Сатып алуды ұйымдастырушы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (бұдан әрі – Университет).

Мекенжайы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан.

Байланыс телефоны: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62

Сатып алу әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің (бұдан әрі – Регламент) 20-бабы негізінде ашық конкурс тәсілімен Университеттің «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық үшін» №3 оқу ғимаратының жертөлесінен ату тирі мен қару-жарақ бөлмесін жасауды сатып алу.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысушылар Университет Регламенттінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсыну қажет. Қаржылық және экономикалық қабілеттіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі:

1. әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы (құжаттары);
2. әлеуетті өнім берушінің бухгалтерлік балансы немесе оның талап етілген бөлімдері, егер жоқ болса, оған теңестірілген өзге де құжаттары;
3. әлеуетті өнім берушінің орындаған жұмыс көлемін растайтын жалпы табысы туралы анықтамасы немесе сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты орындау саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;

3.1) Кәсіби және техникалық біліктіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі: әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркеле отырып, жұмыс істеуге рұқсат алғанын және баға ұсынысын жасауға құзыреттілігін растайтын құжаттары;

4. әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік немесе жеке секторда шарт негізінде осы немесе осыған ұқсас жұмыстарды атқарғанын растайтын құжаттары, атап айтқанда соңғы он бес жыл ішінде уақытша қабылданған құрылыс жұмыстары мен толық қабылдау процедуралары аяқталған құрылыстарға қатысты қызмет көрсету саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (жұмыстың орындалу мерзімі мен көлемі әкімшілік өзіндік ерекшелікте көрсетілгені жөн);
5. әлеуетті өнім берушінің ұйымдық құрылымы толық көрсетілген және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін тиісті біліктілікке ие қызметкерлерінің бар екенін немесе осындай қызметкерлерді жұмысқа тартатынын растайтын құжаттары;
6. өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын қызметті көрсету немесе құрылыс жұмыстарын орындау саласындағы әкімшілік (басқарушы) қызметкерлерінің құрамы мен техникалық қызметкерлерінің кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын құжаттары;
7. өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарының бар екендігін растайтын құжаттары;
9. әлеуетті өнім берушінің тікелей қарамағында немесе одан тыс мекемелерде жұмыс істейтін, сапаны тексеруге жауапты техникалық қызметкері немесе техникалық ұйымдары туралы құжаттар;
10. өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмыстың конкурстық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкестігін растайтын, халықаралық ережелерге сай аккредиттелген сапаны тексеру ұйымдары тарапынан берілген сертификаттары;
11. құжаттардың ішінде құрылыс және осыған қатысты жұмыстарды сатып алу бойынша құрылысты бақылау немесе басқару қызметтеріне жұмысқа қабылданатын жеке тұлғалардан инженер немесе сәулетші мамандығының иесі екенін растайтын құжаты талап етіледі.

Бұдан басқа, жұмыстарды орындау барысында, мекеме қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардағы қауіпсіздік, техникалық қауіпсіздік шаралары, әлеуметтік қорғалуы талаптарының қамтамасыз етілгендігін нақтылау үшін еңбек заңнамаларына сәйкес үлгілік еңбек шартын ұсынуы қажет. Жұмыстарды орындау барысында, дәнекерлеу, электр монтаждары жұмыстарын орындау қажеттілігі туындаған жағдайда, аталған жұмыстарды орындайтын қызметкерлерінің 3-санаттан кем емес рұқсат құжаттары болуы қажет.

Конкурсқа қатысушылардың Түркістан қаласында құрылымдық бөлімшесі немесе жұмыстарды орындауға қатысты серіктес мекемелері бар болған жағдайда құрылымдық мекемесінің деректері туралы немесе серіктес мекемесімен міндеттемелер бойынша жасалған шарттарын ұсынуы қажет.

12. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5%-ы мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі қажет; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В, БСН 990440008043, HSBKKZKX KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Сатып алынатын жұмыстардың тізімін (қосымша) http://ayu.edu.kz сайтының хабарландыру парақшасынан және/немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203-кабинеттен алуға болады.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, тізімделіп, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап кем дегенде 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203-кабинетте қабылданады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 23.05.2025 ж. (12:00), 201-кабинет.

АЙНА

13 МАМЫР 2025 | СЕЙСЕНБІ

Елордада Qazaqstan Barysy Grand Slam 2025 дзюдо бәсекесі өтті. Жұрттың жарысқа шөліркегені көрініп-ақ тұрды. Доданың бірінші күнінен соңына дейін жанкүйер қолдауын аямады. Соған сай балуандар да барын салды. Әсіресе, Мұрат Байқамұровтың +100 келіде финалға шыққан Ерасылға «жанкүйерлер үшін Әнұранымызды шырқатайықшы, берілмеші» дегені жүрек жылытты. Одан кейін Есет Қуановтың «Президенттің өзі күресіңді көруге келгенде қалай аянып қаласың» дегені де жауапкершілік жүгін көрсеткендей.

ЖАРҚЫН ЭМОЦИЯ СЫЙЛАҒАН ЖАРЫС

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

ҮШ КҮНДІК ДЗЮДО ТОЙЫ

Иә, Жекпе-жек сарайында үш күн дзюдо тойы өтті. Оған әлемнің 45 елінен 358 дзюдошы қатысты. Ерлер және әйелдер арасында 7 салмақ дәрежесінде 56 медаль сарапқа салынды. Соның ішінде жергілікті балуандар 9 жүлде жеңіп алды. Қазақстан қоржынында 3 күміс, 6 қола медаль бар.

Жарыстың бірінші күнінде ерлер -60, -66 келі салмақта, әйелдер -48, -52, -57 келіде сынға түсті. Айтса айтқандай, жігіттер «қазақтың салмағында» атой салды. Бастапқыда Мағжан Шамшадин, Талғат Орынбасар бары жүлденің жақын екенін білдірген-ді. Бұл топқа тыңнан түрен салғандай Аман Бақытжанның қосылғаны көпті таңдандырды. Әлемдік жарысқа алғаш қатысқан кейіп танытқан жоқ. Қимылы ширақ, адуынды балуан алдынан кім шықса да, табанды күресті.

Алғашқы қарсыласын айналып өткенде алдынан тайпэй мықтысы Янг Юн Вэй жолықты. Көпшілік «Аман осы жерде жарысты аяқтайды-ау» дей бергенде, ол юко ұпайымен қарсыласын қапы қалдырды. Жарыстан кейін өзі де тайпэй балуанымен өткен белдесуі қиынға соққанын айтты. Бірақ кім кезіксе де салқын санамен күресетінін, ойға алған нәтижесіне жетпей қоймайтынын жеткізді. -60 келіде жанкүйер Талғат Орынбасар, Мағжан Шамшадин, Аман Бақытжанның күресін қатар тамашалады. Балуандардың басы әйтеуір бір түйісерін түсінді, білем. Демді ішке тартып отырғанда ширек финалда Талғат Орынбасар мен Аман Бақытжан кезікті. Екеуі де осы кезеңге дейін тың, бірсыдырғы белдескен. Жұрт екеудің іштей өз-өзімен әлек болып тұрғанын бірден түсінгендей. Қолдау бір сәт тынған жоқ. Сөйткенде Аман ағасына жол берді ме, әлде расымен жеңілді ме беймәлім, жауырыны татамиге тиді. Сонымен, Талғат Орынбасар финалға шықты. Орынбасар бұдан бұрын да үйлесімді, сақ күресімен талайды тәнті еткен. Сондықтан оның шеберлігіне шек келтіргендер аз. Ал Мағжан Шамшадин мен Аман Бақытжан қола үшін белдесті. Мұнда да Аманға оңай шағылар жаңғақ жоқ екен. Атақты Ли Харим күтіп тұрды. Аренадағы қолдаудың, тренер тактикасының арқасында ол Оңтүстік Корея балуанын ваза-ари ұпайымен ұтты. Шамшадин болса, француз Енцо Джинді алаңсыз жеңді. Талғат Орынбасар финалда Изнаур Сааевтен ұтылды. Әккі балуан ширек финалда Шамшадинді жолда қалдырса, финалда тағы бір қазақстандықтан айласын асырды.

-60 келі салмақтағы жетістіктің эйфориясы басылмай тұрғанда -66 келіде белдескен Ғұсман Қырғызбаев дзюдо жанкүйерлеріне ләззат сыйлады. Олимпиададан кейін сегіз айдан соң жарысқа шыққан саңлақ қарсыластарына шеберлік сағатын көрсеткендей әсер сыйлады. Жаймен басып, финалға шықты. Алайда финалда IJF атынан өнер көрсеткен Рамазан Абдулаев Қырғызбаевты біраз қинап, жеңіске жетті. Абдулаевтың сенімді, тактикалық күресі оған алтын әперді. Ал жарыстың бірінші күні күрескен қыздар нәтиже көрсете алған жоқ.

Әдетте дзюдо жанкүйерлері -60 келі,-48 салмақтағы балуандардан ғана жүлде күтетін. Бұл Grand Slam бәрін жоққа шығарды. «Қолдасаңдар, шабытыма қамшы басамын» дегендей дзюдошылар аянып қалмады. -73 келідегі ел үміті Бақытжан Абдурахманов жарысты сәтті бастағанымен, ширек финалда жарақат алды. Дегенмен балуанның күресі талайды тәнті етті. Бұл салмақта епті, ширақ, тактик дзюдошы барын көрсетті. Бақытжанның жарақатын осы салмақтағы Есет Қуанов ұмыттырғандай болды. Қола үшін белдесуде талантты дзюдошы грузин Михаил Бахбахашвилиді қапы қалдырды. Ал -81 келіде сынға түскен Абылайхан Жұбаназар епті ғана емес, эмоционалды интеллекті жоғары спортшы екенін көрсетті. Баппен күрескен балуан ширек финалда сүрінді. Бұдан да өтер еді-ау, өзі кейін мүмкіндікті жіберіп алғанын мойындады. «Елде атой салмағанда қайда саламыз, алтын алуды ойлап келім едім» деп күйінішін білдірді. Дегенмен Италия балуанын иппонмен жеңіп, қола медальға қол жеткізді.

Үшінші күн – аса ауыр салмақтағы балуандар белдесер сәт. Спортшылардың көптен бері жүлде салмай жүргені тағы бар. Оның үстіне, жанкүйерлер де саябырсы қалатын-ды. Жоқ, бұл жолы бәрі басқаша. Ұландарына сенген ел барынша қолдау көрсетті. Содан қуат алғандай дзюдошылар да бір сәт тынған жоқ. Әсіресе, Марат Байқамұров пен Бағжан Байтастың белдесуіне жұрт сүйсінді. Мінез, техника, тактика бары бірден білінді. Бұл Бағжан Байтастың алғашқы Grand Slam турнирі еді. Мұқалған жоқ. Жұбаныш белдесуінде Италия балуанын ұтып, қола үшін күресте IJF өкілін иппонмен жеңді. Ал ерекше күресімен тәнті еткен Марат Байқамұров ширек финалға дейін қарсыластың бәрін иппонмен жеңді. Одан кейін қола үшін тартыста ливан балуанынан басып түсті. Содан соң +100 келіде өнер көрсеткен тәжірибелі балуан Ерасыл Қажыбай финалға дейін сүрінбей жетті. Бірақ финалда жапон балуаны Хега Отаға жол берді. Осылайша, үшінші күні ел қоржыны бір күміс, үш қоламен толықты.

АЛТЫН ЖОҚ, ТОҒЫЗ ЖҮЛДЕ БАР

«Бұрын жастар болсын, орта жастағылар болсын талай жарысқа қатысса да алғашқы айналымнан аспай жататын. Белгілі бірнеше балуан ғана жүлде үшін күресетін еді. Осы жолы тәжірибелі балуандармен қатар жастар да жақсы нәтижеге жетті. Мұның бәрі жаңа жүйенің нәтижесі деп ойлаймын. 5 айдан бері Гамбаның бапкерлік штабы мен қазақстандық бапкерлер бірлесе жұмыс атқарып жатыр. Осы жүйе кіргеннен бері жастардың ересектерге ауысуы қажырлы процесс. Жастардан кейін ересектерге өту кезеңінде біршама спортшылар үлкен барьерден өтеді. Ал жастар келе-келе алдыңғы буынды ығыстырады. Жастар әрдайым аға буынды өкшелеп, ізін басуы керек. Ескерерлігі, спортта жас-кәрі емес, дәл сол күні формада болу, дәл сол күні бабы мен бағының қатар шабуы маңызды.

«Grand Slam турнирінде үздік өнер көрсеткен үштік бар. Оның біреуі – Аман Бақытжан. Неге десеңіз, тайпэйлік Ян Юн Вэйді жарыс жолынан шығарды. Ал үштікке күрескенінде Ли Харимді жеңді. Яғни, жаңадан қосылған буынның ішінде Аман Бақытжан жасындай жарқылдады. Тәжірибе кім десеңіз, бұл – Абылайхан Жұбаназар. Өте сақ, артық қимыл, артық эмоция жоқ. Тәжірибе, мінез, тәрбие, бір бойынан үйлесім тапқан спортшы. Абылайхан өзіне сенім артқан күйде жақсы күресті. Финалға жолдама алмады демесеңіз, күресі жарқын болды. Үшінші күні белдескендерден Марат Байқамұровты айтамын. Биыл дзюдоға толық ауысты. Бұл – екінші Grand Slam жарысы. Бірден финалистер қатарынан көрінді. Қазақ күресінің әдісі кеше оған жұмыс істеді. Бүкіл қарсыласын екі аяқта тұрып ұтты. Осы үш үздік кешегі жарыстың көрігін қыздырды», – дейді маман.

Айталық, бұл жолы қыздар жүлдеден тыс қалды. Құрама үздіктері жарысқа қатысқан жоқ. Олимпиада көрген Эсмигүл Куюлова ғана қатарда бар. Осы мәселені Анық Көкенайұлымен талқылағанда сарапшы қыздар арасында бәсеке жоғын алға тартты. Турнирден кейін бапкерлер де әйелдер құрамасымен жұмысты күшейтетінін айтқан-ды. Сарапшының сөзінше, алдағы уақытта Гамба жүйесінің нәтижесін көреміз.

«Қазақ күресі әдістерінің дзюдомен үйлесім тапқанына көз сүйсінеді. Бұдан бұрын дзюдодағы мамандардың дені самбо мектебінің шәкірті болған. Мұның айқын дәлелі – Асхат Шахаров, Азамат Мұқанов. Самбодан дзюдоға ауысқан спортшы көп. Соның бірі кеше күрескен – Есет Қуанов. Айта берсең, көп. Қазақ күресінде жүріп, одан кейін дзюдоға ауысып жатқандар да жетерлік. Ғұсман және Ғұмар Қырғызбаев – соның жарқын көрінісі. Осы Grand Slam-де Марат Байқамұров белге де, белбеуге де, жеңге де, жағаға да бүкіл позицияда еркін, ашық, айқын, жарқын күрес көрсетті. Әрине, қазақ күресінің методологиясын сол жақта үйренген. Тіпті, сараптама жасасақ, моңғолдар өзінің моңғол күресіне ұқсас күреседі. Ұлттық күресінде қалай күрессе, тура солай дзюдода да тік күреседі, белге көп бара бермейді. Гүржілер де чидаобо бар. Өзбекстанның құрашы да дзюдоға өте жақын. Жеңнің ұзындығы болсын, тізеге лақтыру болсын, қазақ күресінде жоқ болғанымен, өзбек күресінде бар. Сабировтардың өзі құрашпен күресіп келіп, кейін дзюдоға ауысқан. Сол үшін қазақ күресіндегі қыздар мен жігіттерге бұл жаңа серпін береді, бағыт береді», – дейді дзюдо сарапшысы Жандос Абдумуталифұлы.

Қош, елорданы әлемдік жарыстың бір бөлігі жасаған тартыс нәтижелі аяқталды.

Тіпті, сараптама жасасақ, моңғолдар өзінің моңғол күресіне ұқсас күреседі. Ұлттық күресінде қалай күрессе, тура солай дзюдода да тік күреседі, белге көп бара бермейді. Гүржілер де чидаобо бар. Өзбекстанның құрашы да дзюдоға өте жақын. Жеңнің ұзындығы болсын, тізеге лақтыру болсын, қазақ күресінде жоқ болғанымен, өзбек күресінде бар. Сабировтардың өзі құрашпен күресіп келіп, кейін дзюдоға ауысқан.

Халықаралық дзюдо федерациясымен жасаған келісім келер жылы аяқталатыны тағы бар. Оған дейін балуандарды бірнеше жарыс күтіп тұр. Алда – Венгрияда өтетін Әлем чемпионаты. Осы турнирден қуат алған олар тоқтамақ емес. Мысалы, жас саңлақ Аман Бақытжан татамиде тек ата-әжесін қуантуды ойлап, оларға барынша жағдай жасауды мақсат тұтады. Ал Талғат Орынбасардың қалауы – Олимпиада чемпионы атану. Осылайша, дзюдодан ерлер құрамасының бәсекеге қабілетті екенін көрсеткен турнирдің түндігі жабылды.

AMANAT MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ– Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4591
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді

(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
•«Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Айзат АЙДАРҚЫЗЫ